

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

E-mail: info@ortalyq.kz

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

• ІШТЕ ПІКІР ІРКІЛМЕСІН

Жүректен шыққан – жүрекке жетеді

Қайрат ӘБІЛДА

Экзитполдың, онан соң Орталық сайлау комиссиясының қорытындысымен ел таныс болды: кезектен тыс сайлауға қатысқан қазіргі Президентіміз халықтың қолдауымен қара үзді. Бес үміткердің арасынан сайлаушылардың 81,31%-ның дауысын алу дегеніңіздің өзі біраз дүниенің болмысын аңғартса керек. Яғни, көп тілеуі солай болса, ол – таңдау түскен тұлғаның мемлекет жүгін өрге сүйреуге әбден лайықты болғаны да. Ақыл-ойы – кемеліне келген, сөзі мен ісі тоқайласқан қайраткерді халық қалаған екен, құтты да қайырлы болсын дейміз!

Енді, кезектен тыс болған осы сайлаудың төңірегінде қозғалған кейбір әңгімелерге тоқтала кетсек. Мәселен, оппозициялық көзқарастағы бәзбір отандастарымыз сайлауға түскен үміткерлердің ел ішінде танымалдығы төмен болғанын айтып, мұның өзі саяси науқанның абырой-беделіне нұқсан келтіруі мүмкін деген сықпыйтағы сөз таратқаны белгілі. Ал, шыншайтында, тәуекел етіп, доғара түскен кандидаттарды лайықтылардың тізімінен сызып тастауға әсте болмас еді. Неге десеніз, олардың қай-қайсыны аласыз да, өз саласының білім маманы, ойын ашық және еркін жеткізе алатын білімді, саналы азаматтар-тұғын. Және олар өздерінің бұл саймасы қасиеттерін сайлауалды науқан кезінде іспен дәлелден көрсетті де. Үміткерлердің «Жана Қазақстанның» болашағын жарқын ету жолындағы оңды ой-пікірлері мен ұстамды ұсыныстарының көптің көкейінен шыққаны да жоққа шығаруға болмас еді.

Сөз жоқ, осындай жасампаздықты жанына серік еткен кандидаттардың келешектегі саяси мансабының күні ертеңгі Парламент сайлауында көкке өрлессе, құлдырамағы айдан анық. Өйткені, олардың да көздегені – елдің ертеңі, болашақ ұрпақтың қамы.

Кейбір тәуелсіз байқаушылар дауыс беру кезінде майда-шүйде кемшіліктердің болғанын айтып, Әлбетте, ауқымды шаруалар атқарылып жатқанда, ұсақ-түйек кемшіліктердің міндетті түрде болатынын ешкім жоққа шығара алмайды. Тек, мұндай олқылықтардың қолданыстағы заңға, ортақ мүдделге қиянатының болмағаны абзал.

Сонымен, Қазақстанның халқы өзінің таңдауын жасап, алдағы жеті жылда мемлекетіміздің тұғырын нығайтып, мерейін үстем ететін тұлғаны Президент етіп сайлады. Өміріміздегі оң өзгерістердің жылымығын, саяси реформалардың шарапатын шын мәнісінде сезіне бастаған жұрттың басқаша шешім қабылдауы мүмкін емес те еді.

Ұзақ жылдардан бері уәдеден ығыр болып, тұрмыстың жүдеулігінен қажып, сеніміне селкеу түскен елдің ендігінде талабы да күшейе түспек. Халық Қазақстанымызда әділеттің, заңның үстемдік құрғанын қалайды. Отандастарымыз өзінің тағдырын қоғамның денесіне сүлікше жабысқан сыбайлас жемқорлықтың дертін сылып тастап, жеріміздің асты-үстіндегі байлықтың ырыздығын әрбір азаматтың игілігіне жаратуы асыл мұратына санайтын Мемлекет басшысымен байланыстырғысы келеді.

Өзінің сайлауалды бағдарламасын жария еткенде, Мемлекет басшысы былай деген болатын: «Мен ұсынып отырған бағдарлама «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін» деп аталады. Оның әр тармағын өзін жаздым. Бұл бағдарлама менің жүрегімнен шықты деп айтсам, артық болмайды. Біздің бір ғана мақсатымыз бар. Бұл – Әділетті Қазақстанды құру».

Иә, жүректен шырығып шыққан – жүрекке шарықтап жетеді. Бұл – дәлелді қажет етпейтін шындық!

Сөз сабағын түйіндер болсақ, жоғарыда әңгіме қылғанның бәрі жаңадан жеті жыл мерзімге сайланған Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев сынды әлемдік деңгейдегі саясаткердің қолынан келеді деп нық сеніммен айтуға болады.

ҚАРАҒАНДЫ

• САЙЛАУ – 2022

Салтанат ІЛІЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Президенттік сайлауда дауыс санаудың алдын ала қорытындысы бойынша сайлаушылардың 81,31% дауысын жинаған Қасым-Жомарт Тоқаев ресми түрде жеңіске жетті. Бұл – Орталық сайлау комиссиясының дерегі негізінде жасалған болжам. Дауыс беру көрсеткішінде біраз облысты оздырғанымен де, тізімнің бел ортасына орналасқан Қарағандының көрсеткіші – 78,39%. 642 сайлау учаскесінде таңдау жасаған қарағандылықтар бұл сайлаудың өзге сайлаулармен салыстырғанда атмосферасының да өзгеше болғанын айтуға.

Президент сайлауы алдағы жеті жылда еліміздің даму жолын айқындайтын маңызды саяси шара болғандықтан, қарағандылық сайлаушылар оған бейжай қараған жоқ. Учаскелер ашылғаннан халықтың белсенділігі жоғары. Таңдауын жасауға асыққан үлкеннің де, кішінің де биылғы сайлауға деген үміті де, сенімі де зор. Дәл осы жолы жан-жақты ойланып, нақты таңдау жасауына мүмкіндік жасалды. Кеңестік жүйеден түбегейлі ада, мүлдем жана жүйеге көшуді көздеген Қасым-Жомарт Тоқаевқа, әйелдер мен балаларды қолдауға уәде еткен Қаражат Әбденге, Президент уәкілеттігін қысқартамын деген Нұрлан Әуесбаевқа, ауыл үшін жармақ құлағы жастыққа тимеген Жигули Дайрабаевқа, болмаса, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы тұрамын деген Салтанат Тұрсынбековаға, барлық әкім сайлануы тиіс деген Мейрам Қажықенге дауыс берді. Таңнан тұрып, сайлау учаскесіне келіп, дауыс беру дәстүрінен айнымаған үлкендер балалары мен немерелерін де қалдырмай ерте келген.

Облыс орталығының Оңтүстік-Шығыс бөлігінде орналасқан Әлімхан Ермеков атындағы мектеп-лицейінде орналасқан №789 сайлау учаскесінде 2195 сайлаушы тіркелген.

– Халық биылғы сайлауда ерекше белсенділік танытуда. Сайлау комиссиясы мүшелерімен бірге учаскені ашып, алғашқылардың бірі болып, дауыс беруге асықты, – дейді учаскелік сайлау комиссиясының хатшысы Жанболат Пушай.

Асыл әженің ақ батасы

Дулат ЖҮНІСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ғасыр жасаған кейуана азаматтық парызын үйден шықпай-ақ орындады. Сайлау комиссиясының өкілдері үйіне барып, Шамшабану Ақпарованың дауыс беруіне барлық мүмкіндікті жасады.

102 жастағы асыл әже Қарқаралы ауданына қарасты Ақтерек ауылында тұрады. 1921 жылы 1 мамырда сол кездегі Семей облысы, Қайнар ауылының Түлкілі жерінде дүниеге келеді. Өмірлік жолдасы Оралбек Құдышев – Ұлы Отан соғысының

ардагері. Екеуі де саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнап, ұстаздық қызмет жасады.

Көзі ашық, көкірегі ояу отбасы ел өміріндегі елеулі оқиғалардан шет қалған емес. Ұстаздық жолдан бөлек қоғамдық шараларда да белсенділік танытумен келген. Бұл жолы да өз дағдысы мен сергектігінен жаңылмай, саяси науқанның ардагері атанды.

– Ел іргесі берік, бейбіт заман, жастарымыз аман болсын! – дейді қарт ана.

12 құрсақ көтерген ананың ақ тілеуі – елдің тыныштығы мен береке-бірлігі.

Қарқаралы ауданы

Сайлаудың әділ өткеніне сенім мол



Тұрғындардың сайлауға деген көзқарасының өзгергенін де айтады учаскелік сайлау комиссиясы мүшелері. Мәселен, сайлау учаскелеріне ешқайда тіркеуде жоқ азаматтар Президент сайлауынан тысқары қалғылары келмейтіндіктерін айтып, дауыс беруге келген.

– Тіркеуде жоқ азаматтарды тәртібі бойынша сайлау учаскесіне бір күнге тіркеуге отырғыздық. Оларға бұл тек уақытша ғана екенін, кейіннен тұрғылықты жері бойынша тіркелулері керек екенін ескерттік, – дейді учаскелік сайлау комиссиясының мүшелері.

Жалпы, Қарағанды облысында 642 сайлау учаскесі бар. Осы учаскелерде тіркелген 770 мыңға жуық сайлаушының 6890-ы – алғаш рет дауыс берсе, 1841-і – 90 жастан асқандар. Сайлаудың болашақ үшін аса маңызды екенін түсінген қарағандылықтар сайлау учаскелері ашылғаннан-ақ жақсы көрсеткіш көрсетті.

Мәселен, таңғы сағат 10.00-де қарағандылық сайлаушылардың 32,27%-ы өз таңдауын жасаған. Қарағандылықтардың сайлауда белсенділігін Орталық сайлау комиссиясының мәліметінен де көрінді.

«Дауыс беру көрсеткіші бойынша қарағандылықтар алда. Астана уақытымен сағат 10.00-дегі жағдай бойынша сайлаушылардың 23,37%-ы таңдауын жасады. Шымкент пен Қызылорда тұрғындары да белсенді. Алматы қаласында — небәрі 8%» делінген деректе.

Ал, түске таман, яғни, сағат 12.00-де 770 мыңға жуық сайлаушының жартысына жуығы дауыс беріп үлгерсе, сағат 18.05-те бұл көрсеткіш 77,80%-ға жетті.

Дауыс беру аяқталып, учаскелер жабылатын кездегі, яғни, сағат 20.00-дегі деректер облыс сайлаушыларының 78,39%-ы дауыс бергенін көрсетті. Белсенділік танытқан – Осақаров ауданы. 40 сайлау учаскесінде сайлаушылардың 84,77%-ы дауыс беріп, облыстың өзге өңірлерімен салыстырғанда алға шықты.

Дегенмен, өзге аудандар да қалыс қалмады. Мәселен, 39 сайлау учаскесі бар Ақтоғай ауданы тұрғындарының 84,48%-ы дауыс берсе, Бұқар жырау ауданының 84,49%-ы 51 сайлау учаскесінде таңдау жасады. Қарқаралы халқының да 84,26%-ы сайлауға келгенін айту керек. Бұл ауданда барлығы 49 сайлау учаскесі бар.

Дауыс беруде белсенділік танытқан аудандардың бірі – Нұра ауданы. 34 сайлау учаскесінде сайлаушылардың 84,39%-ы дауыс берген. Шет ауданының тұрғындары да қалыс қалмады. 56 сайлау учаскесінде дауыс бергендердің пайыздық көрсеткіші – 84,15%.

Сайлаушылар саны бойынша ең аз дауыс берген – Теміртау. Бұл жердегі 59 сайлау учаскесінде 76,24 пайыз сайлаушы бюллетень парағын алған. Облыс орталығы – Қарағандыдағы 180 сайлау учаскесінде сайлаушылар 76,23% дауыс беріп, өз таңдауын жасады.

Сонымен, Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев экзитполдардың деректері бойынша 82,45% дауыс жинаған. Ал, қалған үміткерлерде 4%-дан аз дауыс. Барлығына қарсы дауыс бергендер – 5,2%.

Ал, Орталық сайлау комиссиясының дерегінен, Қасым-Жомарт Тоқаевқа 6 млн. 456 мың 392 сайлаушы немесе олардың 81,31%-ы дауыс берген. «Бәріне қарсымын» бағанын 5,8% сайлаушы таңдаған. Яғни, экзитполдардың да, Орталық сайлау комиссиясының деректерінде алшақтық небары 1%. Мұның өзі сайлаудың әділ өткенінің айқын көрсеткіші.



Баспасөз – 2023

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		6 ай 5848,50	5919,00
		12 ай 11697,00	11838,00
Жеке жазылушылар үшін	12 айға 4116	6 ай 3100,50	3111,00
		12 ай 6202,00	6222,00

25 қазаннан 25 қарашаға дейін жеңілдікті тарифтер (бір жылға жазылу шартымен)

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2023 жылға жазылу науқаны жүріп жатыр. Газетке жазылуы «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, Ермеков көшесі, 33-үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.

Газетке 6 айға және бір жылға жазылуға болады.

Анықтама телефоны: 8 771 528 86 46, 8 702 656 70 61
E-mail: otdel.pochtovy@bk.ru

Санаты	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ каталогымен қала бойынша	«Қазпошта» АҚ каталогымен аудан/ауыл
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		10257,00	10470,00
Жеке жазылушылар үшін	3492	5577,00	5706,00

«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша 12 айға жазылу бағасы: Назар аударыңыз!

«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнынсыз) балама жазылу жүргізіледі.



• ЖЕДЕЛ ЖЕЛІ

Мемлекет басшылары құттықтады

Тәжікстан Республикасының Президенті Эмомали Рахмонмен телефон арқылы сөйлесіп, Қасым-Жомарт Тоқаевты Қазақстан Республикасының кезектен тыс Президент сайлауындағы айқын жеңісімен құттықтады. Мемлекеттер басшылары келесі жылдың басында екі елдің арасында дипломатиялық қарым-қатынас орнағанына 30 жыл толатынын атап өтті. Тараптар Қазақстан мен Тәжікстан халықтарының игілігі жолында ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға дайын екенін жеткізді.

Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёев те телефон арқылы хабарласып, құттықтауын жеткізді. Мемлекет басшысы бүгінде екі ел арасындағы қарым-қатынас қарқынды дамып келе жатқанын және стратегиялық серіктестік деңгейіне толық сай келетінін атап өтті.

Президенттер қазақ-өзбек стратегиялық серіктестігі мен одақтастығының қазіргі жағдайын және даму перспективаларын талқылады.

Қасым-Жомарт Тоқаевты телефон арқылы құттықтаған Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаров жоғары мемлекеттік қызметіне табыс тіледі. Ал, Мемлекет басшысы құттықтағаны үшін Садыр Жапаровқа ризашылығын білдіріп, Қырғызстанмен арадағы көпжақты қарым-қатынасты одан әрі нығайта беретініне ниетті екенін жеткізді.

Әңгімелесу барысында қазақ-қырғыз стратегиялық серіктестігі мен одақтастығы қарқынды дамып келе жатқаны да айтылды.

Қасым-Жомарт Тоқаевты құттықтаған жеделхаттар да келіп түсуде. Соның бірі – КХР Төрағасы Си Цзиньпиннің құттықтау жеделхаты.

«Сайлаудағы айқын жеңісіңіз Қазақстан халқының Сізге деген сенімін және Өзіңізді толық қолдайтынын білдіреді. Сіздің бірегей басшылығыңызбен еліңізді реформалауға бағытталған барлық бастамаңыз табысты болатынына және Жаңа Қазақстанды құру ісі ілгерілейтініне сенімдімін. Қытай мен Қазақстан арасындағы ынтымақтастықты дамытуға ерекше мән беремін және дипломатиялық қатынастардың орнағанына 30 жыл толған

уақытта сіздермен бірге мәңгі әрі жан-жақты стратегиялық серіктестіктің жаңа кезеңіне қадам басуға дайынмын», – деп жазылған жеделхатта.

Ал, Ресей Президенті Владимир Путин «Сіз отандастарыңыздың зор сеніміне ие болдыңыз. Бұл сенім мандаты мемлекетті дамытуға бағытталған Сіздің бастамаларыңызды жүзеге асыруға жаңа мүмкіндіктер береді. Елдеріміз арасындағы дәстүрлі достыққа, тату көршілік қарым-қатынасқа және өзара құрметке негізделген стратегиялық серіктестік пен одақтастық табысты дамып келеді. Ынтымақтастығымызды одан әрі бірге ілгерілете береміз» делінген жеделхат жіберді.

Құттықтаушылар қатарында Беларусь Республикасының Президенті Александр Лукашенко да бар. Телефон арқылы сөйлесу барысында ол Қасым-Жомарт Тоқаевты кезектен тыс Президент сайлауындағы сенімді жеңісімен құттықтады.

Мемлекеттер басшылары Қазақстан мен Беларусь арасындағы ынтымақтастықтың, стратегиялық серіктестік пен одақтастықтың қазіргі жағдайы мен одан әрі нығаю перспективаларын талқылады.

Мемлекет басшысын Әзірбайжан Президенті Ильхам Әлиев кезектен тыс Президент сайлауындағы айқын жеңісімен телефон арқылы құттықтады.

Өз кезегінде Қасым-Жомарт Тоқаев Бакуге ресми сапары кезінде қол жеткізген уағдаластықтар екіжақты қарым-қатынасты жан-жақты нығайтуда басты бағдар болатынын атап өтті.

Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған да Қасым-Жомарт Тоқаевты кезектен тыс Президент сайлауындағы айқын жеңісімен телефон арқылы құттықтады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Түркия Президентінің құттықтауы мен ізгі тілектері үшін шынайы алғысын білдіріп, бұған дейін қол жеткізілген келісімдер мен уағдаластықтардың маңызды екенін атап өтті.


Тараптар бауырлас елдердің ортақ мүддесіне сай келетін тың бастамаларды жүзеге асыруға дайын екенін жеткізді.

Akorda.kz

20 қараша 2022



САЙЛАУШЫЛАРДЫҢ ДАУЫС БЕРУГЕ ҚАТЫСУЫ ТУРАЛЫ АЛДЫН АЛА ДЕРЕКТЕР
ПРЕДВАРИТЕЛЬНЫЕ ДАННЫЕ ОБ УЧАСТИИ ИЗБИРАТЕЛЕЙ В ГОЛОСОВАНИИ



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС САЙЛАУЫНДА ДАУЫС БЕРУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ АЛДЫН АЛА ДЕРЕКТЕР
ПРЕДВАРИТЕЛЬНЫЕ ДАННЫЕ ОБ ИТОГАХ ГОЛОСОВАНИЯ НА ВНЕОЧЕРЕДНЫХ ВЫБОРАХ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

20 қараша 2022

«Кәсіби әлеуметтік қызметкерлердің ұлттық альянсы» РҚБ
«Жалпыұлттық социал-демократиялық партия» РҚБ
«Ауыл» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» ҚБ
«Аманат» Қазақстанның кәсіподақтар ынтымақтастығы» КРҚ
Бірқатар республикалық қоғамдық бірлестіктер
«Қазақ аналары – дәстүрге жол» РҚБ



Қарақат Жақсылыққызы АБДЕН
206 206
2,60%



Нұрлан Сатыбалдыұлы АУЕСБАЕВ
176 116
2,22%



Жигули Молдахалықұлы ДАЙРАБАЕВ
271 641
3,42%



Мейрам Зекешұлы ҚАЖЫКЕН
200 907
2,53%



Қасым-Жомарт Кемелұлы ТОҚАЕВ
6 456 392
81,31%



Салтанат Пархатқызы ТҰРСЫНБЕКОВА
168 731
2,12%

Кандидаттардың «Бәріне қарсы» дауыс берді 460 484
5,80% Проголосовало «Против всех» кандидатов

Егіздерде – бір таңдау

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Егіздер десе, елең ете қалатынымыз рас. Олар жайлы ақпарат алып, жақынырақ танысып-біліскіңіз келетіні сөзсіз. Қайда жүрсе де қол ұстасып жүрген егіздердің қылығы да, жүрісі де өзгеріс жарасымды-ақ. Дәл осы керемет көрініске сайлау күні куә болдық.



Дауыс берушілердің қатарында алғаш рет дауыс беріп жатқан Перизат пен Шеризат есімді егіздер бар. Олар Қарқаралы ауданы, Ақжол ауылының тумасы. Бүгінде Қарағанды жоғарғы гуманитарлық колледжінің студенттері. Мектепке дей-

інгі тәрбиелеу және оқыту бөлімінде білім алады. Демалыс күні Қарағандыдағы Кеншілер Мәдениет сарайындағы №17 сайлау учаскесіне келіп, өз таңдауын жасаған. Алғаш рет дауыс беріп отырған қос аруға сый-сияпат жасалды.



– Биыл біз алғаш рет дауыс беріп отырмыз. Ел дамуына үлес қосу үшін дауыс бергілі келдік. Себебі әркімнің дауысы маңызды. Сондықтан, сіздерді де сайлаудан қалыс қалмай, дауыс беруге шақырамын, – дейді олар.

Бұл қатарда Диана мен Даяна Мұратовалар да бар. Олар Қарағандыдағы №11 сайлау учаскесінде дауыс берген. 18 жастағы бойжеткендер Қарағанды Банк колледжінің III курсына оқиды.

– Қазақстан Республикасы Президенті сайлауына қатысу біз үшін өте жауапты іс. Ел ертені үшін дұрыс таңдау жасаған маңызды. Еліміздің болашағы жарқын, халқымыз бай-қуатты болатынына сенімдіміз, – деді.

Амина мен Адина Ибраева есімді теміртаулық қос ару қаладағы №324 сайлау учаскесінде дауыс берген.

– Сайлауға қатысу – Қазақстанның әрбір азаматының азаматтық борышы деп санаймын. Мен адал сайлауды қолдаймын. Өз таңдауымды жасадым. Әрі ел болашағы үшін дұрыс таңдау жасадым деп ойлаймын. Бұл біз дауыс беріп отырған үшінші сайлау, – деді егіздер.



Жас жұбайлар – жарқын болашақтан үмітті

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ел тарихындағы жауапты кезеңнен жас жұбайлар да қалып қалмады. Қол ұстасып, отбасылық өмірге қадам басқан қарағандылық Алтынбек Кәрібай мен Гүлбаршын Әлімханова №82 және балқаштық Саввели Жохов пен Анна Пяхно №191 сайлау учаскесіне барып дауыс берді.

Саяси кезеңде азаматтық ұстанымына берік жас жұбайлар сән-салтанатымен сайлау учаскесіне ертелетіп жеткен. Бұл күннің өз отбасы үшін де, Отаны үшін де тарихи сәт екенін сезінгендерін айтып, қуанышын жасыра алмады.

– Бұл күн біз үшін ерекше. Бүгін отбасылық өміріміздің алғашқы құжаты неке кию туралы куәлігімізді қолға алдық. Жақсы ниетпен жаңа өмірге біздің шағын мемлекетіміз қадам басты. Ал, бүгінгі саяси науқан бұл біздің жарқын болашағымыздың кепілі. Екі жағдай-

да да дұрыс таңдау жасағанымызға күмән жоқ, – дейді Алтынбек Кәрібай.

Алтынбек Қазақстан теміржолында инженер-технолог болып қызмет жасаса, Гүлбаршын медицина колледжінде фельдшер мамандығын тәмамдайды.

– Сайлау күні отау құрып жатқанымызға қуаныштымыз. Осынау саяси науқанда біз алғаш рет бір отбасының мүшелері ретінде таңдау жасадық. Ел сенімін ақтайды деген үміткерге дауыс бердік. Бұл біздің ертеңгі күніміз, келешегіміз үшін жасап отырған қадамымыз, оң таңдауымыз деп білеміз, – дейді жас жұбайлар.

Шаңырақ иесі Саввели Жохов Балқаш сервис колледжінің студенті. Ал, Анна Пяхно болса, оқуын тәмамдап, жұмыс істеп жүр.

Арман-тілектері астақан жас отау иелері өмірлеріндегі айтулы сәттің ел тарихындағы айтулы күнмен тұспа-тұс келуін жақсылыққа балады. Жаңа Қазақстанмен жаңғырып, Әділетті Қазақстанмен алға басамыз, жарқын болашақты қол ұстасып бірге жасаймыз деген жақсы ниеттерінің алдағы уақытта орындалатынына көміл сенеді. Албырт сезім, көздегі үшкын үміт, жүректегі жалын жас жұбайларды жарқын болашаққа бастасын деген тілек бізден.

● БАЙҚАУШЫЛАР НЕ ДЕЙДІ?

Барыс жылы табыс жылы болып тұр. Бұл жылдың тарих қойнауына тапсырар небір терең дүниелері қатталуда. Өз басым Қазақстан Республикасының кезектен тыс Президент сайлауына пікір білдіріп, сараптама жасауға хақым бар деп пайымдаймын. Енді барлығын өзінің ретімен жіліктеп көрелік.

Бірінші. Сайлау ұғымы хақында. Көзімді ашып, естияр болған кезден-ақ, сайлау ғұмына белсене қатысыпмын. Шыны керек, «сайлау» дегенде мен ең алдымен қарақан жұрттың тағдырын өзгертетін, мерекеге бергісіз маңызды күн екендігін жан-тәніммен сезінемін. Өмірімде біраз сайлау науқанына қатыстым. Сонау, кеңес дәуірінен — осы уақытқа дейін. Сондағы түйсінгенім, кез келген сайлау халық үшін — сират көпірі. Яғни, ел мойнына жауапкершілік жүктейтін сындарлы сәт. Бұл тұрғыда біздің де аз-кем айтарымыз бар. Уақытында Мәжіліс депутаттығына үміткердің сенімді өкілі де болды. Енді сайлау барысына тоқталып өтелік.

Сайлауға қатысқан кандидаттар. Бағам — біреу. Әрқайсының келбет-кейпі мен салмағын сайлауда еңшелеген пайыздары ымдап тұрғандай. Халықтық коалиция жұмысына Ерлан Қошановтың жетекшілік еткені ұтымды қадам болды. Айта кетелік, AMANAT партиясының арқаалаған жүгі қорғасындай салмақты. Бағымызға орай, өңірімізде аталған партияның атқарушы хатшысы Бекзат Алтынбековтей берен тұлғаның келуі өңірге серпіні сепіліске әкелді. Халық партияға адымдап жақындай бастады. Бірақ, партияның жүгін осындай тұғырлы тұлғалар ғана сүйреп жүргені байқалып-ақ тұр. Өзге жергілікті деңгейдегі біраз депутаттар көп салада дүмбілез екендігін арагілік көрсетіп қалады. Әсіресе, мұндай көріністер сайлау үдерісінің үгіт-насихат барысында қажетсіз бас шұлғулар, яки, айтар сөзді айтпай қалу сынды «белгілермен» көрініс тауып отырды.

Екінші. Бұл сайлау — бұрынғы сайлаудан өзгереді. 2019 жылғы Президент сайлауымен тіпті шендестіруге келмес. Билығы сайлаудың ұйымдастырылуы жоғары деңгейде өтті. Байқаушылар қоғамдық бірлестігі де

Бұл сайлау бұрынғы сайлаудан өзгереді



сауатын арттырған екен. Ертеннен үміт күтетін елдің бәрі бір атаның баласындай, бес саусақтың саласындай жік-жапар болып дауысын беріп, таңдауын жасады.

Тағы бір қуантарлық жайт — жұмысбасты жастардың белсенділігі. Әсіресе, Сарандағы жастар. Оның ішінде менің ұлым да бар. Неліктен? Президент Сарандағы сапарында жастарға жалын берді. Ал, өзгелер ше? Олар неге халыққа сенім ұялатпайды? Бұл — газырлардан келе жатқан қасиетті алтын қағида.

Байқаушылардың айтуынша, жұмыс сағат тілінің тізбегімен орындалып отырды. Осы жолғы сайлау ең мәдениетті сайлау болды. Өз басым ертемен тұрған байқаушыларыма шексіз алғысымды білдіремін. Бұл алғыс менің ғана емес, тұтас халықтың рахметі десе мазмұн болар.

Қарағанды облысы — көкірегі ояу өңір. Билік халықтың көкейіндегісін тап басатындай деңгейге жетіпті. Бұрындық сайлау десе, сайқымазақ сөзі көкейімізге еріксіз кептелетін еді

ғой. Қазір сайлау десе, ойлау сөзі санамызға оралатындай.

Үшінші. Қош, сайлау қорытындысы шығар. Президентіміз сайлау бе? «Ана жердің мына жері сынып кетіпті», «Мына жердің ана жерін бұйту керек» деп даңғазы шығаратын «дарабоздарымыз» төбе көрсетпеді. Бұл — оң нышан. Жалпы науқан барысында ретсіз келерлердің кемуі, ұйымдастыру жұмыстарының өздігінен ұйыса кетуі қабылданып жатқан реформалардың күтілген кезекті жемісі деп пайымдаймыз. Жұмыс жеңілеп, қорытындысы көңілді қош кылды.

Берекелі сайлау науқанының біз бөліп алар бес тұсы — осы. Әр сайлауымыз осындай салиқалы өткенге не жетсін, шіркін! Келесі жылы Парламент сайлауы болмақ. AMANAT біз айтқан жайттарды аңдаса екен деген ниет бар. Ниетіміз қабыл болғай.

Бесінші. Бізде әдетте «Ел үшін. Атамекен, жер үшін» деп бос айқайлап, ұрандайтын әсіре белсенділеріміз сайлауда самарқау болды. Сенесіз бе? «Ана жердің мына жері сынып кетіпті», «Мына жердің ана жерін бұйту керек» деп даңғазы шығаратын «дарабоздарымыз» төбе көрсетпеді. Бұл — оң нышан. Жалпы науқан барысында ретсіз келерлердің кемуі, ұйымдастыру жұмыстарының өздігінен ұйыса кетуі қабылданып жатқан реформалардың күтілген кезекті жемісі деп пайымдаймыз. Жұмыс жеңілеп, қорытындысы көңілді қош кылды.

Берекелі сайлау науқанының біз бөліп алар бес тұсы — осы. Әр сайлауымыз осындай салиқалы өткенге не жетсін, шіркін! Келесі жылы Парламент сайлауы болмақ. AMANAT біз айтқан жайттарды аңдаса екен деген ниет бар. Ниетіміз қабыл болғай.

Майра АБДРАХМАНОВА, «Parasat» саяси науқандарды бақылау қоғамдық бірлестігінің төрайымы, қоғам қайраткері

Байқаушылар бағасы: заң бұзушылық жоқ



Қарағанды аймағында Президенттің кезектен тыс сайлауында дауыс беруге ұмтылған бұқараның қарқыны күн ұзақ бәсеңдеді. Аймақтағы 642 сайлау учаскесінде ел болашағына бейжай қарамайтындар ертеңгі күн үшін дауыс берді. Танғы сағат 7:00-де жұмыстарын бастаған сайлау учаскелеріндегі тізімде 770 мың сайлаушы бар. Сайлаушылардың арасында бірінші рет дауыс берушілердің саны 6 мыңнан асып жығылды. Ал, ең егде дауыс берушілер, яғни, 90 жастан асқан сайлаушылар қатары 2 мыңға жуық.

Қызғалдақ АЙТЖАН, «Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облысында сайлаудың таза өтуін бақылауға қатысқан бірқатар байқаушылардың мәлімдеуінше, аймақта сайлау заңдылығы толық сақталды. Жасырын-жабық ештеңе орын алған жоқ. Бәрі жария өтті деген байлам жасасты.

Мысалы, кеше баспасөз мәслихатында «Партиялық емес бақылау орталығы» РҚБ Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Артем Козловский «Қарағанды облысындағы сайлау учаскелерінде дауыс беру ашық әрі әділ өтіп жатыр» деп мәлімдеді. Оның айтуынша, әр сайлау учаскесінде 2 және 3-тен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерінен тұратын тәуелсіз байқаушылар. Бұл болса, сайлаудың әділ өтуіне мүмкіндік берді.

— Тәуелсіз байқаушылар сайлауды бір сәтке де көзден таса қылған жоқ. Қандай да бір қажеттіліктер туындаған жағдайда да кезектесіп отырды. Яғни, санитарлық тазалау жұмыстарын есепке алмағанда, тәуелсіз бақылаушылар ұдайы өздеріне бөлінген сайлау учаскелерінде болды. Сол себепті де ешбір заң бұзушылық жасалған жоқ. Сайлау барында ашық және жария өтуде. Тек Теміртау қаласында бір сайлаушыға екі бюллетень берілген жағдай орын алды. Ал, басқа сайлау учаскелерінде бәрі жақсы, — дейді Артем Козловский.

Теміртау қаласында әйел адам ауырып жатқан баласының жеке бас куәлігімен қоса келіп, екі бюллетень алған. Оның айтуынша, баласы сайлауға баруға ықпал танытқанымен, денсаулығына қатысты жете алмапты.

— Егер бала ауырса, сайлау учаскесіне келуге денсаулығы жарамаса, ол алдын ала сайлау комиссиясын ескертуі керек-тін. Сонда комиссия жылжымалы урнамен барып, әділ дауыс беруіне көмек жасар еді, — деді Артем Козловский.

Сайлау учаскесіне келген кейбір азаматтардың жеке бас куәлігімен емес, өзге де құжаттарымен бюллетень беруді талап еткен жағдайлар кездескен. Бірақ сайлау комиссиясы ондай заң бұзушылықтарға жол бермегендігін де ерекше атайды. Барлығы заң аясында жүзеге асқан.

Спикердің мәлімдеуінше, алдын ала жасалған болжам Қарағанды облысында сайлауға қатысушылардың үлесі 56 пайыздан емінен-еркін асып жығылатынын көрсеткен. Ол, облыстың кейбір өңірлерінде бұл көрсеткіштің жоғары екеніне сенімді

екенін де айтты. Алайда, түнгі қорытынды Қарағанды облысы тұрғындарының сайлауға 78 пайыз қатысқанын жария етті.

Жалпы, Қарағанды облысы бойынша «Партиялық емес бақылау орталығынан» 2500 байқаушы учаскелерде дауыс беруді бақылады. Бұлар — тек тәуелсіз бақылаушылар саны. Бұған қоса, үміткерлердің сенімді өкілдері, саяси партиялардың байқаушылары бар. Сондай-ақ, бұдан бөлек халықаралық деңгейдегі ұзақмерзімдегі, қысқамерзімдегі 16 байқаушы қатысты. Атап айтқанда, олар Еуропаның қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының Демократиялық институттар және адам құқығы бюросы мен ТМД байқаушылары. Ұзын саны Қарағанды облысында сайлаудың ашықтығын қалт жібермей қадағалаған байқаушылар саны 6000-нан астам.

Президентке үміткер Жигули Дайрабаевтың сенімді өкілі Нұрлан Наурызов Қарағанды қаласындағы №12 сайлау учаскесінде байқаушы. Сенімді өкіл дауыс беру кезінде ешқандай заң бұзушылық болған жоқ. Сайлау комиссиясы өз жұмыстарын тиісті деңгейде атқаруда, — дейді Нұрлан Наурызов.

Қарағанды қаласындағы №12 сайлау учаскесінде халық белсенді. Отбасыларымен келіп, дауыс беріп жатқанын көріп отырмыз. Келушілердің көңіл күйі жақсы. Байқау кезінде ешқандай заң бұзушылық болған жоқ. Сайлау комиссиясы өз жұмыстарын тиісті деңгейде атқаруда, — дейді Нұрлан Наурызов.

Қарағанды қаласындағы №12 сайлау учаскесінде 2467 сайлаушы тіркелген. Бұл учаскеде қаланың байырғы тұрғындары тұрады. Учаскелік комиссия төрағасы Владимир Приздің айтуынша, учаскеге 2492 бюллетень берілген. Танғы сағат 6.00-де сайлау учаскесі ашылып, тура 7:00-де жұмысын бастады.

— Біздің №12 сайлау учаскесінде 2467 адам бар. Бізге бір тәулік бұрын 2492 бюллетень берілді. Олар сейфке салынып, күзетпен сақталды. Танғы 6-да сайлау учаскесі ашылғанда байқаушы және сенімді өкілдерден құралған 10 адам келді. Оларға сайлау барысын бақылау үшін барлық жағдай жасалды. Оның ішінде, президентке үміткерлердің 2-і сенімді өкілі, 8 адам түрлі партия қоғамдық ұйымдардан бақылауда. 21 адам үйден дауыс берді. Бірінші рет дауыс беруші 89 жас бар. Алғашқы келушілер мен бірінші рет дауыс беруші жастарға сый-сияпат жасалды, — дейді Владимир Николаевич.



Салтанат І. ПИЯШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Халықаралық байқаушылар қатарындағы Олег Сосковец елімізде өткен Президент сайлауына қатысты пікірін білдірді. Қазақстандықтарды айтулы күнмен құттықтаған ол сайлаудың ерекше жағдайда өтіп жатқанына да тоқталды.

Олег СОСКОВЕЦ: Аға буынның белсенділігі қуантты

— Қазақстан Конституциясына өзгерістер енгізіп, сайлау мерзімі мен өткізу тәртібін белгіледі. Әлбетте, мұның барлығы маңызды өзгерістер. Қарағандыда болған бір апта уақыт ішінде сайлауға дайындық барысымен толық танысып үлгердім, — дейді Олег Николаевич.

Байқаушының айтуынша, ең алдымен назарын аударғаны — Президент сайлауына кандидаттардың тең дәрежеде ұсынылуы. Яғни, үміткерлердің арасында Қазақстанның

қазіргі Президентінің болғанына қарамастан, бөліп-жару жоқ әрі барлығына бірдей басымдық берілген. Әр кандидат туралы ақпараттың барлығы қолжетімді әрі демократиялық талапқа сай ұсынылған. Бұл үлкен құрметке лайық, — дейді ол.

Облыс орталығындағы сайлау учаскелерін аралаған Олег Сосковец Қазақстанда аға буын өкілдері сайлауға ерекше құрметпен қарайтынын да айтады. «Сайлау учаскелері ашылғаннан балаларын, немере-

лерін жетектеп, дауыс беруге келді. Олар сайлаудың бетке ұстары десе де болды», дейді Олег Николаевич.

Халықаралық байқаушы сайлау барысында сығна ұшырайтындай ешқандай жағдай болмағанын да айтады. Дайындық та тыңғылықты.

«Бастысы — комиссия мүшелері дауыс беруге келгендерді ерекше көңіл күймен қарсы алып, шығарып салуда. Мен Қазақстанның демократиялық бағытта дами беретініне көміл сенемін», — дейді ол.

● ЛЕБІЗ

Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ:

Ұрпағым үшін дауыс бердім

Қызғалдақ АЙТЖАН, «Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды қаласы Күнгей шағынауданында орналасқан №795 сайлау учаскесінде қазіргі ақиық ақын, Мемлекеттік сыйлық иегері Серік Ақсұңқарұлы дауыс берді.

— Бүгін — тарихи сындарлы сәт. Қазақстан халқы өзінің таңдауын жасайды. Біз Жаңа Қазақстанда, өркеннет төріне қарай ұмтылған, құқықтық мемлекет құратын, барды бар, жоқты жоқ деп айтатын Қазақстанда өмір сүретін боламыз.

Мен ұрпағым үшін, ұрпағымның болашағы үшін дауыс беріп тұрмын. Тарихи таңдауымды дұрыс жасадым деп ойлаймын. Заман ертеңнен 180

градусқа өзгереді деп сенемін, — деді Серік Ақсұңқарұлы.

№795 сайлау учаскесінің төрағасы Динара Мусаева-ның айтуынша, бұл сайлау учаскесінде 2885 сайлаушы бар. Сайлаушылар арасында 18 жасқа енді ғана толған 64 азамат тізімде.

— Сайлау учаскесінде дауыс беру үшін барлық жағдай жасалған. Мүмкіндігі шектеулі жандарға арнайы орындар қарастырылды. Үйден дауыс беремін деп өтініш білдірген 1 сайлаушы бар. Ал, ең үлкен егде жастағы дауыс берушіміздің жасы 85-те, — деді комиссия төрағасы.

Агроқоғамға қамқорлық күшеюі тиіс

Мемлекет тірегі, қазақтың алтын бесігі — ауыл. Ел билігі қай уақытта да ауылды назардан тыс қалдырған емес. Себебі, ауылдың гүлденгені — елдің өркендегені.

Сайлау қорытындысын ауыл шаруашылығы еңбеккерлері қуана қабылдады деп ойлаймын. Дән сепкен дикан да, мал баққан шопан да ертеңгі күнге алаңдаулы еді. Күпті көңіл орнына түскендей болды. Жаңа мерзімге сайланған Қасым-Жомарт Кемелұлы ауыл шаруашылығы саласындағы реформаларды, берекелі бағдарламаларды одан әрі жалғастыратынына сенімім көміл.

Қазіргі таңда ауыл шаруашылығы саласына қатысты мемлекет қамқорлығын айқын сезініп, көзбен көріп отырмыз. Ірі қара немесе қой, құс немесе жылқы өсіремін десеңіз, ешкім қолыңыздан қақпайды. Мемлекет түрлі бағдарламалар, субсидиялау тетік-

тері арқылы қолдау көрсетіп, қолтығыннан демейді. Кейінгі жылдары Ақтоғай ауданында шаруа қожалықтарының саны көбейіп келе жатқаны — сөзімің айқын дәлелі. Даңғыл жолға түскен агроөнеркәсіп кешеніндегі бағдарламалар осы қарқынмен жалғасып, келешекте жандана түсуі тиіс деп есептеймін. Президентіміз ауыл шаруашылығы саласына қамқорлықты күшейте беретініне сенемін.

Тәңірберген ҚАСЫМОВ, «Әлия» шаруа қожалығының жетекшісі

Ақтоғай ауданы

● РЕСМИ

Мемлекет басшысы Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбекті қабылдады



Президентке Қарағанды облысының биылғы 10 айдағы әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері туралы есеп берілді. Сондай-ақ, аймақтың өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және инвестиция тарту салалары қарқынды дамып келе жатқаны туралы баяндалды.

Жеңіс Қасымбектің айтуынша, өнеркәсіп өнімін өндіру көлемі 3,1 триллион теңгені (1,5 пайызға артқан) құрады. Өңдеу өнеркәсібіндегі өндіріс көрсеткіші 6,3 пайызға артты. Облыс экономикасына 522,2

миллиард теңге инвестиция тартылды (8,5 пайызға көбейген), оның басым бөлігі (92%) жеке инвестицияға тиесілі. 2022 жылдың қаңтар-қазан айларында 414,4 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұл

өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 1,7 пайызға көп.

Мемлекет басшысына Қарағанды облысының автомобиль жолдарын дамыту, халықты сумен қамтамасыз ету жөнінде мәлімет берілді. Жеңіс Қасымбек «АрселорМиттал Теміртау» компаниясындағы жағдай туралы да баяндады.

Қасым-Жомарт Тоқаев өңір экономикасын одан әрі дамыту жөнінде бірқатар тапсырма берді.

Akorda.kz

● БӘРЕКЕЛДІ!

Республикалық «Үздік педагог – 2022» байқауы өз мәресіне жетті. Байқауда Қарағандының үш мұғалімі топ жарып, республиканың «Үздік педагогі» атанды. Бұл туралы Қарағанды облысы Білім басқармасының басшысы Гүлсім Қожахметова Facebook парақшасында жазды.

«М.Жұмабаев атындағы гимназия» КММ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Мөлдір Әлжанова республикалық «Үздік педагог – 2022» байқауында жеңімпаз атанды.

Үш педагог үздік атанды

Биылғы байқау бұрынғыдан өзгерек. Алғаш рет конкурстың барлық кезеңі ақпараттық жүйе арқылы веб-порталда жүзеге асты, яғни байқау ашық түрде өтті.

Оған қоса, байқаудың тағы бір өзгешелігі – республикалық кезеңнің II турында ұстаздар Астана қаласының мектептерін-

де сабақ өткізіп, өздерінің кәсіби шеберлігін көрсетті.

Қарағандының 3 мұғалімі, атап айтқанда «№1 Білім-инновация лицей-интернаты» КММ информатика пәнінің мұғалімі Нұрсұлтан Ахметов, «Қарағанды кәсіптік-техникалық колледжі» КММ математика пәнінің оқытушысы Елена Свердлов, а

Жеңімпаздарға 3 млн. теңге көлемінде ақшалай сыйлықпен қатар төсбелгілер табысталды.

Айта кетейік, былтыр еліміздің әр өңірінен қатысқан 64 мұғалімнің әрқайсысы 3 млн. теңге алған болатын.

Өз тілшімізден

● АУЫЛЫМ – АЛТЫН БЕСІГІМ

Үлгі ертеңінен үмітті

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Атының өзі айтып тұрғандай, бұл менің туған жерім Үлгі ауылы сонау колхоз кезінен бастап айнала төңірекке үлгі болатын. Кейін 1961 жылы Қылыш Бабаев атындағы кеңшар құрылғанда, оның №2 бөлімшесі атанғанда да қызу тіршілік қайнап жатар еді. Мыңғыртып мал, жайқалтып егін өсірген ауыл тұрғындарының жағасы жайлау, көңілі жаз-ты.



Қоршалған саябақ

Бөлімше басында сегіз жылдық мектебі, дүкені, моншасы, клуб, кітапханасы, поштасы, медициналық пункт жұмыс істеп тұрды. Үлгі арқылы «Қарағанды-Төрткөл» бағытындағы жолаушылар автобусы жүретін. Қазір соның бірі жоқ. Көрсенің ішін ашып, жүрегің ауырады. Кезінде академик Арықтай Қайыпов, 5 ғылым докторы, 10-нан аса ғылым кандидаты, қаншама құқық қорғау органдары мен шаруашылық басшылары, 5 бірдей журналист шыққан туған топырағымының мүшкіл халі мені де мазалайтын.

Мәселен, кешегі жүз үйлі осы елді мекеннен бүгінде қолындағы малына қарап отырған небәрі тоғыз шаңырақ қана қалған. Ал, ескі үйлерді сырып тастап, 1970-1980 жылдары жаңадан салынған екі пәтерлі 28 үйдің біразы бұзылып, материалдары сатылып кетсе, енді біреулерінің есік-терезелері бітеліп, шегеленген күйде. Неге екені белгісіз, жан-жаққа тарыдай шашылып, тарап кеткен үлгіліктердің жылы орындарын сұғатпай, өз ауылын өркендетіп, тірлік қылатын жағдайлары да бар еді ғой.

Сонғы кезде мұнда қолға алынып жатқан игі шаруалар сол сөнген үмітті қайта тұтатып, көңілге сенім ұялатқандай. «Ер туған жеріне» демекші, елге қайыра оралғандардың алды болып, бос тұрған үйлерге Елкен Молдабеков ағамыз, Қаржас Зейниденов пен Қанат Ахмадин інілеріміз қоныстанды.

Бір кездері академик Қаныш Сәтбаев Қазақстан Ғылым академиясының Ботаникалық бағыннан арнайы алдыртып, алғашқы талын өз қолымен отырғызған саябақты бәріміз мақтан тұтатынбыз. Жаз уақытында оның іші ойын-күлкіге толып, бір жақта біз сияқты балалар асыр салып, бір тұста

үлкендер футбол, волейбол, шахмат, дойбы ойнап жататыны әлі де көз алдыма.

Алтыбақан, Наурыз мерекесі де осы жерде өтетін. Оның да күтімі кетіп, қараусыз шағында биыл ауыл тұрғындары іші-сыртын тазалап, айналасы темір-бетон шарбақтарымен толық қоршалып бітті. Келесі көктемде онда жас ағаш көшеттері отырғызылмақ екен.

Тағы бір жаңалық, осы жылы Үлгіні ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесі де шешімін тапты. Биылғы жаз басталғалы тереңдігі 50 метр су көзі қазылып, одан тартылған құбырлар ауыл үйлеріне дейін жетті. Жыл соңына дейін ол іске қосылады деп күтілуде. Бұрын суды құдықтан тасыған тұрғындар бұл бейнеттен де

құтылады.

– Үлгі ауылын абаттандыру мен сәулеттендіру келесі жылы да жалғасады, – деген еді бізбен әңгімесінде Үміткер ауылдық округінің әкімі Жұлдыз Талғатбекқызы.

– Өйткені қазірдің өзінде Үлгіге көшіп келем деп тілек білдірген қандастарымыз бен өз тумаларының қарасы көп. «Гүлденсе ауыл, гүлденеміз бәріміз» дегендей, оның көз алдымызда қанырап, құрып кетуіне жол бермейміз.

...Мен де көргенім мен естігенім көңілім тоғайып, кіндік қаным тамған туған жерімнің ертеңіне үлкен үмітпен аттандым.

Бұқар жырау ауданы



Ауылға ауыз су тартылуға

● БРИФИНГ

Тас жол тайғақ кештірмес үшін

Ерканат КЕЧЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қыс уақытында жергілікті атқарушы мекемелердің республикалық күрежолдар мен облыстық маңызы бар жолдарға қатысты жауапкершілігі арта түседі. Бұл – қар үйінділерінен қорғау; қардан тазарту; жол жамылғысындағы көктайғақпен күресуді қамтитын тұтас жұмыстар кешені. Бастысы, мұның бәрі көлік біткеннің үздіксіз және қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз етуі шарт.

Биыл облыстық маңызы бар автомобиль жолдарына 13 мердігер ұйым жұмылдырылыпты. 42 ұйым – аудандық маңызы бар жолдарға жауапты. 289 адам, 266 бірлік жол-пайдалану техникасы сақадай сай. Бұл турасында Орталық коммуникациялар қызметінің өңірлік алаңында облыстық жолаушылар көлігі және облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 1854 шақырымды құрайды. Облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы – 2 566,1 шақырым.

– Облыстың барлық өңірлерінде мердігер ұйымдар қысқы кезең-

де баласын еркелетпейді. Мезгіл каталдығы жолаушыларға ыңғайсыздық тудызып, автокөліктердің қар құрауында қалуына себепкер болып жатады. Жол бойындағы тік асулар, өрлер, бұраландар мұндайда тіпті тәжірибелі көлік жүргізушілерінің өзіне қауіпті сынақ.

Қарағанды облысы бойынша республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 1854 шақырымды құрайды. Облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы – 2 566,1 шақырым.

– Облыстың барлық өңірлерінде мердігер ұйымдар қысқы кезең-



ге 18 жылғы пунктін даярлады. Арнайы қосындар қар құрауында қалған, яки, жолда көлігі сынған жандар үшін тұрғызылды. Жолдардың анағұрлым қарлы аумақтарында жылдамдықты тежеу, көктайғақты білдіретін уақытша жол белгілерін орнатудамыз. «Тар жол, тайғақ кешу» – апат атаулының алды.

Көлік иелері жол ережелері мен қауіпсіздік шараларын ұстанып, темір тұлпарларын қысқа мықтап дайындағаны ләзім, – деп ескертті Сабит Темешұлы.

Облыс орталығының автожолдарын күтіп ұстау Қазыбек би және Әлихан Бөкейхан аудандарына бөлінген. Бұл аймақта 9 мердігерлік

ұйым қызмет көрсетпек. Бұл кәсіпорындарда барлығы 535 адам жұмыс істейді және 447 бірлік арнайы техникалары бар.

Автожолдарды қысқы кезеңге дайындау мақсатында жол жиектерін қалпына келтіру, жер төсемінің жиектері мен беткейлеріндегі бұталар мен жабайы өскіндерді кесу жұ-

мыстары, сондай-ақ жол-пайдалану техникасына оңдау жүргізіліпті.

Осы күні жол бойына себілетін құм, тұз қоспасының көлемі жеткілікті. Жолдардың қауіпті аумақтары жедел өңделіп келеді. Құзыретті орган өкілдерінің мәлімдеуінше, облыс жолдарында ұзындығы 180 шақырымдай 78 қарлы жер аумағы бақылауға алынған. Төтенше жағдай туындаған жағдайда қала мен аудан әкімдіктерін, облыстық төтенше жағдай департаментін, әкімшілік полиция және жол қызметтері басқармасын хабардар ету кестесі қолданылады. Басқарма мердігерлік ұйымдардың іс-қимылын үйлестіру, тосын жайттарға жол бермеу үшін тиісті мекемелермен қажетті шаралар жедел қабылданатын WhatsApp тобын құрды. Ауа райының нашарлауы және автожолдардың жабылуы туралы ақпарат уақытылы БАҚ-да, әлеуметтік желілерде, галямтор айдынында және «Дәрмен» қосымшасында жарияланып тұрады. Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы күн сайын жолдардағы қар тазалау барысына бақылау жүргізуде. Айбол Амангелдіұлы тұрғындар назарын ауа райы нашарлаған кезде жол қозғалысын шектеу туралы талаптарға құлақ түруге үндеді.

– Күн суытуына байланысты республикалық маңызы бар жолдардың қысқа дайындығы «ҚазАвтоЖол» АҚ-ның ерекше бақылауында, – деп хабарлады спикер.

● КЕНШІЛЕР МӘДЕНИЕТ САРАЙЫНА – 70 ЖЫЛ

Әр қалада бір бас сахна болатыны мәлім. Ол – жергілікті өнерпаздар үшін үлкен өнерге жол ашар киелі орын болса, қала тұрғындарына өзге аймақтар мен шет елден келетін өнер адамдарының концертін тамашалауға мүмкіндік беретін рухани орын. Еліміздегі мұндай сахналардың барлығы дерлік Мәдениет сарайы деп аталса, Қарағандыдағы сахна ғана қала ерекшелігіне сай – Кеншілер Мәдениет сарайы деп аталады. Биыл бұл сарайдың ашылғанына – 70 жыл. Кенді қала тұрғындарын ән мен жырға бөлейтін салтанатты сарай директоры Жарулла Пазылулы айтұлы мереке қарсаңында аз-кем әңгімеге тарттық.



Жарулла ПАЗЫЛУЛЫ:

Мерекеге орай үлкен концерт өткіземіз

– Жарулла Пазылулы, олай-былай өткенде мұнда жөндеу жұмысының жүріп жатқанын байқаймыз. Әңгімені содан бастасак.

– Иә, жаз бойы ғимараттың сырты жөндеді, аяқталуға жақын. Жөндеу туралы айтатын сөз көп. Жалпы, бұл ғимараттың құрылысы екінші Дүниежүзілік соғыстың алдында басталған. Соғыс кезінде тоқтап қалып, кейін қайта жалғасып, 1952 жылы пайдалануға берілген. Архитектор И.Бреннер мен Я.Яноштың бастамасымен жүргізілген құрылыс. Облыстағы ауқымды іс-шаралардың көпшілігі осы ғимаратта өтеді. Қаламыздағы сирек сәулет ескерткіші қатарына жататындықтан, қалаға келген туристер арнайы ат басын бұрады. Тіпті, шетелдіктер де келеді. Кешенде 750 адамға арналған көрермендер залы, вестибюль, жоғарғы және төменгі қабаттағы 2 фойе бар. Ғимараттың фасады 6 колоннадан тұрады. 1952 жылы ашылуына қатысқан бір әжеміз бар-тын. Ол кісі қазыналы қария қазір. Мәдениет сарайын Қазпошта, Н.Әбдіров сарайы және басқа да ғимараттарды жапондық жазасын өтеушілер салған. Мұнда басшылық қызметке 2014 жылы келдім. Алғаш басшының орынбасары, кейін басшы болып тағайындалдым. Содан бері жалғасып келе жатқан жөндеу жұмысы бұл...

– Демек, мұнда келгелі алғашқы жөндеу жұмысы емес...

– Әрине, мұның алдында қаншама жұмыс атқарылды. Мәселен, сахна мен көрермендер залы, көркемөнерпаздар үйірмесінің кабинеттері, жертелдегі инженерлік желі, ғимараттың 70 пайыз шатыры ауыстырылды. Сахнадағы үлкен штанкеттік механизм жаңасына ауыстырылды. Мүмкіндігі шектеулі жандарға мемлекеттік стандарт бойынша кіріп-шығу жолы, концерт көретін орындар жабдықталды. Қысқаша айтқанда, Кеншілер мәдениет сарайының негізгі бөлігін түгел жөндеуден өткіздік.

– Еңбек жолыңыз қай мекемеде басталған еді?

– Өзім Жаңаарқа ауданы, Ақтүбек ауылында туғам. Жастайымнан көп қиындық көріп өстім. 15 жасымда әкем қайтып, 10 баламен анам жесір қалды. 5 ұл, 5 қыз. Мен – төртіншісімін. 8 сыныптан соң жұмыс істей бастадым. Шешемді аядым. Жем тартушы, тракторшы, малшының көмекшісі, жылқышы, комбайншы, слесарь, спорт инструкторы болдым. Ауылдағы орталық клубтың директоры қызметін атқардым. Шет ауданындағы ауыл шаруашылық училищесінің «ауыл шаруашылық-құрылысшылар» бөлімін бітіріп, туып-өскен ауылымдағы «Алтын қала» комсомолдар бригадасында жұмыс істедім. 1987-1993 жылдар аралығында ҚарМУ-дың филология факультетінде білім алдым. Мектепте сабақ бердім. 1995 жылдан кейін тарбие ісі жөніндегі орынбасар, 1999 жылы оқу ісі жөніндегі орынбасары болдым. Көп ұзамай Қызылжар станциясындағы орта мектепке директор болдым. 1993 жылы ол жердегі үлкен типтік мектептің жылу құбыры қатып қалғандықтан, оқушылар негізгі мектеп іске қосылғанша, қасындағы 10 бөлме, 10 пеші бар ескі баракта оқыды. Бар күшімді салып, алты айда демеуші тартып, 500 орындық мектепті жаңа парталармен жабдықтадым, ішін қалыпқа келтіріп әзер дегенде мектепті іске қостық. Сол мектеп бүгінгі күнге дейін үздік ауылдық мектептер қатарында. Оқу бағдарламасын жаңартып, 6 түлек қызыл аттестат алды. 2004 жылы «Көкпекті ауылдағы ауыл шаруашылық училищесінің филиалын училище деңгейіне көтеру керек» деген облыс әкімі орынбасарының ұсынысымен директоры болып тағайындалдым. Бұл мекеменің де жағдайы мәз емес екен. Жылу қазандығы әден тозып істен шыққан, ауыз су тасымал, екі жатақханада тұратын балалардың жағдайы жасалмаған. Жатақханасын, оқу ғимаратын толық жөндеп, қалпына келтірдік. Жылу қазандығын жаңартып, ауыз су құбырын тартып, балалар жұмынатын душ кабинеттерін орнаттық. Осылардың бәрін қалыпқа келтіруде біраз тер төктім. Оқушылардың 70 пайызы бала-

лар үйінен еді, бәрі мені әкесіндей көреді. Ұжым ақша жинап 2 ұлды үйлендірік, 6 қызды ұзаттық, 56 балаға үй әпердік. Кезекте тұрған жетім балалардың уақытылы үй алуына, кезекке тұруына көп көмек жасаған белгілі тұлға Құдайберген Бексұлтанов мырзаға алғысымыз шексіз. 49-шы баламыз Мажура Ирина Сергеевнаға Астанадан үй әпердік. Бұл да бір қиындық тудырған шаруа болды. Қиындығы сол, Ирина Сергеевнаның атына бекітілген үйді Сарыарқа аудандық әкімшілігі басқа біреуге беріп қойған. Үйге кіріп алған адам үйді бермей, 5 жыл соттастық, болмады. Ақырында Президентке хат жазып, 11 күннен кейін жауап алдық. Елба-

ақымнан төлеп, түсірдім. Бексұлтан өте білімді бала, екі жылдан кейін жақсы оқып, өзінің білімін жан-жақты көрсетіп, грантка ауысты. Алла ризалығы үшін жастарды шынайы көңілмен қолдап, демеп жүрмін. Демеудің бір сыры – бұл да тәрбиенің үлкен құралы. Біз көбіне жастарға өкпе айтып, ренжіп жүреміз. Халық даналығы «Не ексең, соны орасың» дейді. Осыны көріп, басынан өткерген жастар мейірімді болып өсіп, өзінен кейінгіге қол ұшын беретін болады.

– Сарайда тағы қандай ұжымдар бар? Сырт көзге тек концерт қоятын орын сияқты...

– Кеншілер мәдениет сарайында 25 көркемөнерпаз ұжымы жұмыс істейді, қа-

осындай шаралар өткізуге болады екен ғой» деп таң қалғаны әлі есімде. Қойлыбай Асанов «Жыр-Тұмар» деген әдеби үйірме ашты. Ондағы жас ақындардың алғашқы жыр жинағын шығардық. Домбырашылар үйірмесінің, дәстүрлі ән үйірмесі қатысушыларының жетістіктері де баршылық. Былтыр осы үйірменің екі баласы Қызылорда облысында өткен Республикалық дәстүрлі ән байқауынан топ жарып, бас жүлде және I орын иеленді. Ол сайысқа алты ай дайындалдық. Драма үйірмесі бар. Ол – ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ғалым Жайлыбайдың «Қара орамал» туындысын алғаш сахналаған үйірме. Сонымен қатар, тұрақты түрде бірнеше жанр бойынша республикалық, облыстық, қалалық байқаулар,

сының бұйрығымен, Астанада Есідің сол жағалауынан 69 шаршы метр жаңа үй берді. Қазір тұрмысқа шыққан 2-3 баласы бар, сол үйде тұрып жатыр. Үй мәселесінен басқа «Дом малюткаға» тастап кеткен, балалар үйіне өткізіп жіберген 20 балаға еліміздің бірнеше облысы мен аудан, ауылын аралап жүріп, әке-шешесін тауып беріп, табыстырдық. Біздің міндетімізге жатпаса да, «Жетім көрсен жебей жүр» деген халық даналығына сүйеніп, ұжыммен бірігіп, негізгі жұмыстан тыс осындай іспен де айналыстық. Бала әке-шешесін іздеп жылайды. Жүрегіміз езіледі. Ата-анасын тапқанда баласын қабдыдағандарды да көрдік. Небір тағдыр иесін жоқтықтарды.

– Сарайда бірқатар үйірмелер жұмыс істейтіні белгілі. Оның қала тұрғындарына берер пайдасы қандай?

– Бір қарағанда мұндай үйірмелердің жұмысы елеусіз көрінгенімен, өнерді насихаттауда, музыка өнеріндегі сабақтастықты жалғастыруда пайдасы орасан. 2016-2017 жылдары құралған «Жас толқын», «Шабьт» вокал үйірмелері мен «Жыр-Тұмар» әдеби және «Ізбазар» көркемөз оқу үйірмелерінің мүшелері республикалық байқаулардың бас жүлдегері, лауреаты атанып жүр. Бұл – өте жақсы жетістік. Өте ауқымды болмаса да, республикалық Жүсіпбек Елебеков атындағы VII конкурста қатысушы жас орындаушыларды қолдап, Қазақстанның халық әртісі, Қайрат Байбосынов, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Жәнібек Кәрменов атындағы ақшалай дәстүрлі сыйлық тағайындап келеміз.

Сонымен қатар, ауылымдағы жерлесім, әкесі қайтыс болған, анасы II топтағы мүгедек Бексұлтан Мағрупжанның жоғары білім алуына қол ұшын беріп, «Болашақ» академиясының ақылы бөліміне өз еңбек-

тысушылар саны – 700-ге жуық. Көркемөнерпаз шығармашылық ұжым саны – 20, әуесқой бірлестіктер мен клубтар – 5. 3 ұжым «Халықтық» атағына ие. Бұл – «Шахтерский» халықтық би ансамблі, халықтық «Марианна» авторлық әндер клубы және Халық композиторлар клубы. Олардың басым бөлігі балаларға арналған, сонымен қатар орта буын және зейнеткерлерге арналған ұжымдар да бар. Барлығы осында келіп, бос уақытын өткізеді, қабілетін дамытады. Шаралардың тәрбиелік мәні болуы үшін жастарға барынша жол нұсқап отырамыз. Бізде жұмыс демалыс күндері қызады, мерекелерде мүлде демалмаймыз.

фестивальдер өтіп тұрады. Атап айтсақ, бір республикалық, бірнеше облыстық байқау: «Күй қазына» күйшілер байқауы, Дәстүрлі әншілер байқауы, «Би әлемі» бишілер байқауы, «Көктем аруы» сұлулық-шығармашылық байқауы, «Жас сарбаз» патриоттық ән шеруі байқауы, ата-әжелер өнер байқауы, мөнерлеп оқу және т.б. брендтік байқаулары өтеді.

– Залды тегін беретін кездер бола ма?

– Концерттің ақылысы да бар, тегіні де бар. Әншілердің және басқа үлкен коммерциялық концерттер – ақылы. Заң аясында тегін берілетін кездер де болады. Мүмкіндігі шектеулі балалар болса-болмаса тегін. Қай-



ырымдылық концерттерін тегін өткіземіз. Арасында жергілікті ақын-жазушылардың кеші, өмірден өткендерді еске алу кеші тегін өтеді. Барлығы басқармамен, басшылықпен ақылдасып жүзеге асырылады.

– 70 жылдыққа қандай жоспар бар?

– Осы мекемедегі көркемөнерпаздар ұжымдарының концертін беру жоспарланып отыр. Осы уақытқа дейін бірнеше іс-шара өткізілді. Биыл жаңадан «Жастар» бөлімі ашылды. Креатив шаралар қолға алынууда. Ұжымда негізгі штатта 116 адам бар. 90 шақты адам жұмыс істейді. 17 адам шығармашылыққа жауап берсе, көбісі – техникалық қызметкерлер. 70 пайызға жуығы – жастар. 70 жылдыққа орай осында қызмет еткен қызметкерлер, ұжым жетекшілері және ардагерлерден бейнесұхбат алуды жоспарлап отырымыз. Осы жылдың 8 желтоқсаны күні Кеншілер мәдениет сарайының өткені мен бүгінгі қамтитын үлкен концерт қоямыз.

– Сөз соңында жас буынға өмірлік тәжірибенің бірнеше кеңес айтсаңыз.

– Бізде қабілетті жастар баршылық, оларға өз білгенімді үйретіп келемін. «Шығармашылық», «Шаруашылық» дейтін үлкен екі бөлім бар сарайда. Жұмысты солар үйлестіреді. Бірлік керек. Бірлік болмаса, ісің өнбейді. Қытайдың бір философиясы: «Адамды бір-ақ рет сына, екінші рет сынауға ғұмырын жетпейді» депті. Сөйтсем, бір рет сенің сыныңнан сүрінген адам екінші рет ол осалдығын көрсетпейді екен. Оған дейін сенің бұл өмірде болмауың да мүмкін. Еңбексүйгіш, талапшы, әділ әрі адал болсаң, дегенің жетесің. Жастар осыны ұмытпасын. Ел аман, жұрт тыныш болғай!

– Әңгімеңізге көп рахмет! Сұхбаттасқан Жәлел ШАЛҚАР

● БАЙҚАУ

Жастар жобасының жүлдегерлері

Жастар бастамашылығын дамыту мақсатында түрлі жобалар ұйымдастырылуда. Соның бірі облыстық «Жастар – шағын бизнеске!» байқауы. Аталмыш бизнес жобада А.Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледжінің студенттері үздік деп танылды.



Сағыныш ӘБІЛ, «Ortalıq Qazaqstan»

Байқауға барлығы 20-дан астам колледж қатысып, 31 жоба ұсынылды. «Байланыс, ақпарат, білім» саласының үздік бизнес жобасы номинациясында жеңіске жеткен колледж студенттері тахикардия және жүрек ауруларының басқа да түрлеріне арналған HeartBeat мобильді қосымшасын әзірледі.

– Досымыз тахикардия дертіне шалдыққандықтан, осындай қосымша құруды қолға алдық. Сырқатына байланысты үнемі қиналып жүретін. Денсаулығын ұдайы бақылап жүру ол үшін өте маңызды. Осы орайда, Нұртай Ибраев және Ирина Поповскаямен бірлесе отырып, қосымшаны іске қостық, – дейді Виталий Чернышов.

HeartBeat мобильді қосымшасының ерекшелігі пациенттің медициналық көрсеткіштері енгізілгеннен кейін әр адамды жеке бақылайды. Тіпті, оны смарт сағатқа қосуға да болады. Жедел жәрдем шақыру, жақын маңдағы дәріханалар мекенжайын көрсету мен дәрі-дәрмектердің нұсқаулықтары мен бағаларын көрсететін мүмкіндіктері бар.


Смарт сағатқа қосылған қосымша арқылы жүрек ырғағы мен қан қысымы, дене температурасын өлшеу функциялары, адам өміріне қауіпті қандай да бір өзгерістер анықталған жағдайда жедел жәрдемге автоматты түрде қоңырау шалу секілді қызметтер көрсетеді. Қажетті жаттығулар мен диета сақтауды да ұсына алады.

Сонымен қатар, осы байқауда «Қазақмыс» корпорациясының политехникалық колледж студенттері Нұрай Болатқан мен Әдемі Болатованың жобасы «Туризм және экология» бағыты бойынша номинант атанды. Жобада этносport лагерін құру идеясын ұсынған.

– Этноспорт лагерін құру идеясы «Кәсіпкерлік дағдылар негіздері» сабағында өздiгiнен пайда болды. Онда бiз презентация үшін бизнес-идея таңдадық. Жобамен бiр айға жуық жұмыс iстедiк, өйткенi кнiз үй, қазақтың ұлттық үстелдерiмен бiрге қажеттi жабдықтарды орналастыру, сатып алудың қолжетiмдi нұсқаларын iздедик, – дейдi жоба авторлары.



• КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ ХИУАЗ ДОСПАНОВАНЫҢ ТУҒАНЫНА – 100 ЖЫЛ



лос арқылы ұшып барып, одан да асып түсті. Сондықтан да болар, сол кездегі бала атаулы «Чкалов боламыз» деп армандады және соған ұмтылды. Солардың бірі Орал қаласындағы №1 мектепте оқитын Хиуаз Доспанова еді. Ол да өзінше ұшқыш болуды армандады. Бірақ, Чкалов секілді бола алмаймын-ау, ол ер адам ғой деп өкініп жүргенінде, Валентина Гризодубова, Галина Осипенко және Марина Раскова үшеуі Мәскеуден Қыыр Шығысқа дейін қонбай ұшып, Хиуаздың «ұшқыш болсам» деген арманын шындай түсті. Енді Хиуазға еліктейтін адам табылды. Балалар: «Чкалов боламыз» десе, қыздар: «Раскова боламыз» дейтін болды. Сол арман Хиуазды қаладағы аэроклубқа алып келді.

Жақсы оқитын, жігерлі де белсенді қыз 1940 жылы мектепті үздік бітіріп, аттестат пен коса жапастағы ұшқыш деген куәлік те

ваға келеді. Өтініші құпталып, полкқа қабылданады.

Сөйтіп, Хиуазды Саратовтың әскери-әуе училищесіне жібереді. Мұнда штурмандар дайындайтын сыныпты аяқтап, 1942 жылдың көктемінде авиация тарихында тұңғыш рет құрылған, түнгі мезгілде жау позицияларын бомбалайтын әйелдер авиаполкінің құрамында майданға аттанады. Полктің командирі, аға лейтенант Е.Вершанская болатын (Тарихи тұлғалар. А., 2008. 356-357-б.).

Хиуаз қызмет еткен полк Оңтүстік майданда Солтүстік Кавказ, Кубань, Қырым, Украина, Белоруссия, Польша, Германия аспанындағы шайқастарға қатысады. По-2 деп аталатын жеңіл, бомбалағыш ұшақтардың міндеті алдын ала белгіленген жау құрамалары шоғырланған жерлерді бомбалап қайту еді. Штурман ретінде Хиуаздың жұмысы ұшақты нысана үстіне дәл әкеліп бомбалау еді. Сонымен бірге, ұшаққа жау истребителі шабуыл жасаса, пулеметтен оқ борату. Ал, егер, ұшқыш командир жараланса, не оққа ұшса, өз кабинасындағы штурвалмен ұшақты да басқару. Міне, сондықтан да штурманның ролі ерекше болды.

Әр адамды тәтті етіп, еріксіз бас игізетін ұшқыштардың қайрат-жігеріне елі шын сүйсінеді. Ұлы Отан соғысы жылдарында ерлік пен шайқасқан қазақтың тұңғыш ұшқышы Хиуаз Доспановаға 2004 жылы Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында Халық Қаһарманы атағының берілуі осы шын сүйсіспеншіліктің көрінісі. 20 жасында-ақ, соғысқа өз еркімен сұранып кетіп, бомбалаушы ұшағымен соғыстың ақырына дейін жаумен шайқасып, жеңісті жақындата түскен. Түнгі бомбалаудың тың тәсілін өмірге әкеліп, жаудың жанын түршіктірген шынашақтай қазақ қызының жау тылына жасаған 300-ден аса әуе шабуылы тұтас ерліктің құймасы тәрізді. (Айбын. Энциклопедия. А., 2011. 276-б.). 14 рет ұшағы құлап жерге құлаған, аяқ-сүйектері быт-шыт болып екі мәрте ауыр жарақат алған. Бірақ, соның бәрінен де аман қалған қыз әуеге қайта көтерілген.

Ұшқыштың әскери сапары ылғи сәтті болмайды. Хиуаз Доспанова өз естелігінде осындай бір оқиғаны былайша еске алады: «Стояли мы в Краснодаре, работали на ст. Крымская. Погода была жуткая. Немцы свирепствовали. Пошли на цель, отбомбились, идем обратно, своего аэродрома не видно, я говорю Юле (летчик Пашкова) «мигни огнями» только мигнули, за нами истребитель противника. Преследовал до аэродрома. Мы быстрее на посадку и тут опять катастрофа – столкнулись два самолета. Помню треск, шум, попыталась вылезти из самолета и упала без сознания. Оказываюсь, у меня было шесть переломов в ногах. Долго была без памяти, кричала Юле. Пролежала шесть месяцев на спине, глаз тоже не видел. Свет не мил. К самолету пыталась отвращение. Меня хотели перевезти из одного госпиталя в другой на самолете. Я в слезы не хочу на самолете... Смерть Юли Пашковой, а также Луис Нольо от меня скрывали. Врачи уговаривали, что поправлюсь, отдохну и буду заканчивать институт. О том, чтобы я попала в полк, не могло быть и речи.

Когда я почти совсем поправилась, Галия Докутович рассказала мне о гибели девушки. После поправки я настояла пойти опять в полк и летать. Должна отомстить за погибших девушек, чувство долга перед погибшими девушками заставляло меня летать. Из кабины я не вылазила, сделаешь 5-6 вылетов, не выходя из самолета потому что больно ногам, в кабину подсаживали. После катастрофы я сделала еще 100 вылетов» (Женщины Казахстана и Великая Отечественная война: 1941-1945. Караг., 2020. 182-183.ст.).

Кавказ, Қырым майдандарындағы шайқас барысында, қыз-келіншектерден жасақталған авиаполк үкіметтің жоғарғы марапаттарына ие болды. Алдымен оған «Гвардиялық» деген атақ берілді, сосын «Тамань», артынан оның туына «Қызыл Ту», Суворов ордендері қалды. Немістер бұл авиаполкқа «Түнгі мыстандар» деген ат берді. Соғыстағы ерліктері үшін Хиуаз «Қызыл Жұлдыз», II дәрежелі Отан соғысы ордендерімен және көптеген медальдармен марапатталды.

Соғыстан екінші топтағы мүгедек болып оралған Хиуаз мединститутқа қайтып келіп, оқуын жалғастырмақ болады. Бірақ, тағдыр оған басқа жолды жазыпты. Майданнан қайтқан қаһарман қызбен әңгімелесіп отырып, оның бойындағы қажыр-қайрат пен ақыл-парасатын байқап қалған сол кездегі Орал обкомының бірінші хатшысы Минайдар Қайдар оны қоғамдық қызметке шақырады. Сөйтіп, өзі туған облыста нұсқаушы болып жүрген Хиуазды обком келесі жылы Алматыдағы Жоғарғы партия мектебіне оқуға жібереді. Аталмыш оқу орнын үздік бітірген ұшқыш қызды үкімет Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің бірінші хатшысы қызметіне тағайындайды. 1951 жылы Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Жоғарғы Кеңес Төралқасының хатшысы, Алматы қалалық партия комитетінің 2-хатшысы қызметтерінде болды. «Халқымы үшін» (1963), «Под командованием Расковой» (1965), т.б. кітаптары жарық көрген. (Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық анықтамалық. А., 2006. 207-б.).

Қазақстандықтар өз Отанының қаһармандық жолын заңды мақтаншы етеді. Өткен сұрапыл соғыс жылдарында Қазақстан еңбекшілері жеңіске зор үлес қосты. «Правда» газетінің 1943 жыл 6 ақпанындағы «Даңқты қазақ халқы Кеңестік Отан үшін күресте» деген бас мақаласында: «Қазақтар майданда жауға қарсы жақсы ұрысады; тылда олардың әкелері, аналары, әйелдері майдан үшін аянбай еңбек істейді. Қазақстан өз жерінің барлық асыл кендерімен майданға қуатты тірек болып отыр. Қазақстан кенес адамдарына жақын және қымбатты. Бізде қазақтардың тұрашыл, ашық, ерлік жүрегі, кішіпейілдігін, адалдығын жақсы көреді» деп көрсетті. (М.Қозыбаев. Ақтандықтар ақиқаты. А., 1992. 144-б.).

Соғыс жылдарындағы қазақстандықтардың ерлік салты бүгінгі Қазақстанның Қарулы Күштері қатарында қызмет етіп жүрген жас ұрпақтың азаматтығы арнаса медет болып, асыл арманына қанат бітіреді.

Ерғазы ҚАДАШҰЛЫ,
тарихшы

Қыран қанатты Хиуаз

От пен жалынға оранған 1418 күн мен түн... Оның әр минуты, әр сағаты қауіп-қатерге толы болғанын сол жылдары қолына қару алып, Отан қорғауға аттанған майдангер ағаларымыз бен апаларымыз жақсы біледі. Жеңіс онай келген жоқ. Жұдырықтай жұмылып, анталаған жауға қарсы тұра білгеннің арқасында ғана мүмкін болды. Асқан ерлік көрсетіп, Жеңіс күнін жақындатқандардың ішінде қазақстандықтар да көп еді. Жазушы Илья Эренбург «Қазақтар» публицистикалық мақаласында: «Біз шабуылға шығып едік. Қоңыр түсті жауынгерлер бізге қарсы ұмтылды. Олардың қасарысып алысканы сонша, біз шыдай алмадық. Бізде бір үрей пайда болды да, кейін шегіндік. Кейін бізбен соғысқандар қазақтар екендігін айтты. Мен бұрын мұндай халық бар екенін білмейтін едім» деп тұтқиынға түскен бір фашистің сөзін келтіреді.

Ұлы Отан соғысы жылдарында ұшқыштарымыз майданның алғашқы сағаттарынан-ақ, ұрысқа кіріскен. Ұшақтар әуе ішкерінен қорғау үшін ұшады. Ерлік пен қаһармандықтың теңдесі жоқ үлгісін көрсеткендердің алдыңғы шебінде ұшқыштар жүреді. Жалпы, бұл соғыста жажүрек 2420 ұшқыш Кеңес Одағының Батыры атанған. Даңқты ұшқыштардың қатарында жерлестеріміз де аз болған жоқ. Қазақстаннан майданға аттанған мына ұшқыштар Кеңес Одағының Батыры атағын алған: Талғат Бигелдинов, Нұркен Әбдіров, Николай Должанский, Спартак Маковский, Константин Малин, Николай Маркелов, Вячеслав Медноногов, Гумер Миннибаев, Евгений Михайленко, Григорий Михеев, Василий Москованко, Плис (ұлты қазақ) Нурпейсов, Иван Омиков, Лев Рошин, Николай Самароков, Федор Самонов, Петр Теряев, Евгений Токмоков, Григорий Черкашин, Петр Шевцов. Қызығы сол соңғы аталған әуе қыраны қазақстандық ұшқыштардың арасынан алғашқы болып 1937 жылы 22 қазанда Испания жерінде фашизммен күресте көрсеткен ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атағын алған әрі Ұлы Отан соғысына қатысқан. Солардың қатарында араға ұзақ жылдар салып барып ұлы ерлігі мойындалған Бактыұраз



Бейсекбаев пен Хиуаз Доспанова бар («Егемен Қазақстан». 2005, 16 ақпан).

Хиуаз Қайырқызы Доспанова – 15 мамыр 1922 жылы Гурьев (Атырау) облысы, Ганюшкино (Құрманғазы) селосында дүниеге келген. Хиуаздың замандастары барынша арманшыл болатын. Мәселен, америкалық Чарльз Линдберг Атлантикадан Еуропаға қонбай ұшқаны сол еді, кеңестік ұшқыш Валерий Чкалов Еуропадан Америкаға Солтүстік по-

жұмыстарына қалады. 1941 жылдың қыркүйегінде Мәскеудің оқу орындарында жаңа оқу жылы басталады. Ақылы, парасаты биік Хиуаз бүкіл ел соғысқа аттанып жатқанда өзінің алаңсыз жүріп, сабақ оқи алмасын біледі. Майданға сұранып, медбике, тым болмаса санитар жол кеткісі келіп жүрген бір күні атакты Марина Раскованың қыз-келіншектер авиаполкін құрғалы жатқанын естиді. Хиуаз алдыңғылардың бірі болып атакты М.Раско-

• САЯТ

Бүркіт болмысы: Аңыз һәм ақиқат

Қыран құс шамамен 70 жыл өмір сүреді. Алайда, осы жасқа дейін ол аса бір қиын кезеңді бастан өткереді. Қыран қырыққа толғанда кара тасты қақ жарар қайқы кара тұмсығының жүзі мұқалып, иемей қалады екен. Қиядан көрген қызылдың қадамын аштырмай бүрпіп алар қылыштай қылшылдаған тырнағы қауқарсыз халге түседі. Бұл екеуі – оның басты қаруы һәм негізгі тіршілік құралы. Қос қанаты ауырлап, өзіне жүк бола бастайды. Бұрынғыша жеңіл ұшу жоқ. Аспан тағысы үшін өте ауыр азап.

Жансая СӨРСЕНБАЙҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

БҮРКІТКЕ ЖАРАТУШЫ ТАНДАУ БЕРГЕН

Осы бір кезеңде бүркіттің екі тандауы болады. Бірі – басқа түскенге бағынып ит жеменде аштықтан бұратылып өліп тыну, екіншісі – ағына қарсы жүзуге қайта түлеп, жаңа өмір бастау. Мұны қазақ «Қыранның қайта түлеуі» дейді. Ол – 150 күнге созылады. Екі жолдың екеуі де оңайға соқпады анық. Алайда, тандау – біреу.

Қыран құс алдымен, өзі түлеп ұшқан құз қабағындағы ұясын табады. Сол ұяға қонақтап, майырылған тұмсығын тасқа ұрып сындырады. Тұмсығы қайта шыққанша күтеді. Содан соң икемге келмей, иемейіп қалған тырнақтарын сындыра бастайды. Тырнағы шыққанша тағы күтеді. Осы кезеңде мынадай бір сұрақ туындауы мүмкін. «Неге тұмсығы мен тырнағын бір уақта сындырмайды?» деген. Олай етсе, күнде жем-азығын қалай таппақ?! Ол тұмсығын сындырған уағында жемін икемге келмей қалған тырнағымен-ақ ілдәлап табады. Ал, тұмсығы шыққан соң тырнағын сындырып, жемін тұмсықпен табуға

тырысады. Бұдан соң қыран ұшаға келергі көрі қауырсындарын біртіндеп жұла бастайды. Жаңа қауырсын шыққанша күтеді. Бүркіттің бұл түлеуіне, жоғарыда айтқандай, 5 айға жуық уақыт керек. Осы бір қиын кезеңнен соң қырықтың қырқасына шыққан қыран құс тастүлектей қайта алғырлана түседі. Көзі қарыққанды іліп, тырнағы түскеннен айырылмай байырғы ептілігін қайта табады. Осылайша, қыран тағы 30 жыл өмір сүруге мүмкіндік алады.

«ҰЯДА НЕ КӨРСЕҢ, ҰШҚАНДА СОНЫ ІЛЕСЕҢ»

Арқадағы байырғы баба салтын жалғаған бүркітші Темірәлі Төлегенұлы қыран сырын бір кісідей білетін азамат. Оның дала тағысымен сырластығына 10 жылдай болды. Сөзіне сүйенсек, бүркіт 4 жасынан бастап ұя сала бастайды. Денесі толық жетілгеннен соң жұптасады. Ал, жұптасқаннан кейін аққулар секілді тіршілікте ақырына дейін бірге болады. Ұялайтын мекені тұрақты әрі 2-3 шақырымдай кең алқапты алады. Ол өзі мекендеген аумаққа басқа ірі құстарды жуытпайды, ұсақ құстарға тимейді. Ұя салу науқаны наурыз

немесе көкек айларында басталады. Бүркіт ұясы мұнарасы мұнарқан 1000-3000 метр биіктіктегі тау жартастар-кенерінде кезіледі. Бұл да бүркіттің өктемдігі мен өрлігін айқайтайтындай.

Әрбір жұп бүркітке 2-3 бірдей ұясы болады. Бірақ, қыран соның біреуіне ғана жұмыртқалайды. Келесі жылы басқа ұяға кезек ауыстырады. Ұясының көлемі ірі құсқа лайық едәуір үлкен. Ұя құраған бұтақ-шыбықтарынан тұрады да, аздаған таяз шұңқыр жасалады. Ұяның түбіне шөп-шалам мен жылқының құйрық-жалы, жүн-жұрқа төселеді. Ұя шұңқырының тереңдігі – 10-15 см, диаметрі – 30-40 см. Бүркіт ұясын өте таза ұстап, айналасын лас-коқыстан тазартып, орнын арша, жусан, қурай тәрізді иісі аңқыған өсімдіктермен алмастырып отырады. Сарыауыз шағынан қасқыр, түлкі, киік етін жеп дәнникендіктен өсе келе, сондай аңдарға құмар. Бұл қазақтың «Ұяда не көрсес, ұшқанда соны іледі» деген қанатты сөзінің арқауына айналған. Қыран түрлі жануардың, оның ішінде, ірі сүтқоректілердің етін азық етеді.

Таудағы таутекені де талай іліп жардан жаласынан түсіргенін әлеметтік желден көріп-ақ жұрмиз. Ашығын, адамға да шабарын ұмытпайық. Қасқырды қанатының астына өңгергенде адам одан әулие ме екен?! – Бүркіттің «күй ойнағы» басқа жыртқыш құстардікідей өтеді. Ерекшелігі – өте сақ құс. Олар қантарда шағылысып, ақпанда ұя жөндейді. Ал, наурыздың басында, не көкек айының соңына ала қоңыр дақты комексілеу, бірі не екі жұмыртқа табады. Жұмыртқаның ұзындығы – 70-80 мм, көлденеңі – 56-60 мм. Оны аталығы мен

аналығы кезектесіп 40-45 күн басады. Балапанын күніне 1-2 мәрте жемдейді. Алғашқы бір аптада құсығымен қоректендіреді де, одан кейін етжемге ауысады. Осы кезде балапан «аш үрпек» болады. Бүркіт балапанын жердің ыңғайына байланысты 60-75 күн баулайды. Күн санап қауырсыны өсіп кетіп, «қылышы» айкасқан соң ұшаға талпынады. Балапанын алғаш ұшарда бүркіт қанатымен демеп, сүйемелдеп үйретеді. Әлбетте, бірінші рет ұядан көтерілгенде желді күнді таңдайды. Жасықтау балапанын енесі өзі жардан қағады. Бірақ, қанатымен сүйемелдеп құлатпауға барын салады, – деп адамға тән балажанлықты мензегендей бүркітші Темірәлі Төлегенұлы.

Оның айтып отырғаны құс төресінің тектілігі. Аталықтың бала-бүркіттің бойындағы жігер мен қайтпас қайсарлықты оятуы. Тірнектен өткен қыран кейін қанаты қатып, енісі бөлінген ер баладай өз алдына жеке шығады.

«ҚЫРАН ЖАСЫ ҚАНА ДЕ»

– Бүркіттің жасы тұрасында түрлі дерек бар. Әр жердің құсбегісі алуан атаумен атайды. Көнекөз қариялардың айтуынша, 33 рет түлеген құсты көзімен көргендер болған. Бірақ, қазақ құсбегілері құс жасын ең ұзағанда 12 жасқа дейін санайды.

Құсбегілер көп айтар құс жасын Балапан, Қан түбіт, Тірнек, Тастүлек, Мұзбалақ, Көк түбіт, Қана, Жана, Май түбіт, Барқын, Баршын, Шөгел деп 12 атауға бөледі, – дейді бүркітші Темірәлі Төлегенұлы.

Ал, астаналық құсбегі Серікбек Құнтуған қыран атауында небір ел естімеген атаулар барын алға тартады.



Бүркіт жасы мен ерекшелігіне қарай аталатын көрінеді.

– Әуелі балапан, тірнек, тастүлек, ана, қана, жана, құм түлек, күтүлек және сұмтүлек болып бөлінеді. Тоғыз жастан әрі асқан бүркіттің «мола» деп мүшел жасын он бұйымға бөледі. Қарап отырсаңыз, қазақтың осы атауларының өзі-ақ бүркітке анықтаушы болып тұр, – дейді Серікбек Құнтуған.

Расында, тірнектен соң тастүлек болғанда қыранға еш қауіп жоқ. Мұзбалақ, ана, қана, жана жасында қынынан суырган наркескендей қылшылдай түседі. Сондықтан болар, аталардың «Қыран жасы қана де, қанасында салғанда ала алмаса, амал не?!» деуі. Бұл да адамзатқа берілген астарлы мысал, ақылдыға өсиеттей. Пенде де кейбірі орта жасқа

келсе де, жас баланың әрекетін қылға әуес. Ал, жасы бас болуға асығады. Бұл тағдыр қыранның да басында бар. Тек қыранның қырағысы ғана осы кезеңде сыналады һәм шындалауға талпынады...

● БАЙҚАУ

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Тіл тағдыры – ел тағдыры



Ұлы даланы мекендеп, тату-тәтті ғұмыр кешіп отырған жүзден астам ұлт өкілдерінің Отаны – Қазақстан. Ұлты басқа болғанымен, жүрегі бір. Тілі басқа болғанымен, тілегі бір. Оларды берекелі шаңырақтың астына біріктіру жолында Қазақстан халқы Ассамблеясы іргелі істерді жүзеге асыруда. Осындай гираттық шара ҚХА-ның облыстық филиалында ұйымдастырылды.

кафедрасының аға оқытушысы Н.Ерёмченко, Қазақстан тарихы және ҚХА кафедрасының аға оқытушысы Д.Шашенов тақырыпқа қатысты баяндама жасап, тұшымды пікірлерімен бөлісті.

Мемлекет басшысының «Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі

рөлі күшейіп, ұлттаралық қатынас тіліне айналатын кезеңі келеді» дегенін іс жүзінде жүзеге асыруға сүбелі үлес қосқан шара қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту, мемлекеттік тіл саясатын насихаттау барлық қазақстандықтарға ортақ іс екендігін айқындап берді.

Сондай-ақ, басқосуда филология мен лингвистика саласының сарапшылары, тіл жанашырлары, тарихшы ғалымдар, қоғам қайраткерлері, Ассамблея мүшелері мен жастар ұйымдары мемлекеттік тілдің қолданысын насихаттау жолдары туралы өз ұсыныстарын ортаға салды. Мемлекеттік тілде еркін сөйлейтін этнос өкілдері қазақ тілін үйрену тәжірибесімен бөлісті. Олардың қазақ тілінде еркін сөйлеуі жиынның салмағын биіктете түсті. Бұл – шараны ұйымдастырушылардың кенді аймақты мекен еткен түрлі ұлт өкілдерін бір шаңырақ астына ұйыстырып, бірлікке ұйытқан достық дәнекері екенін айғақтайды.

Балтабек Жаппарұлы ӘБЕУОВ

Арқа журналистикасы орны толмас ауыр қазаға душар болды.

2022 жылы 20 қарашада белгілі журналист, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Балтабек Жаппарұлы Әбеуов 75 жасында ұзаққа созылған ауыр науқасдан қайтыс болды.

Балтабек Әбеуов 1947 жылы Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Ақтоғай селосында дүниеге келген.

Мектеп оқушысы кезінен аудандық «Арқа еңбеккері» газетінің тұрақты авторы болып танылған жас қаламгер орта мектепті бітірген бетте аталмыш газетке қызметке қабылданды. С.Киров атындағы ҚазМУ-дің (қазіргі әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) журналистика факультетін сырттай оқып, аудандық газетте қатардағы тілшіден ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі лауазымына дейін көтерілді.

1973 жылы жанадан құрылған Жезқазған облыстық «Жезқазған туы» (кейінінен «Сарыарқа») газетіне қызметке шақырылып, бұл баслымда да ауыл шаруашылығы бөлімінің тізгінін ұстады.

Жезқазған облысы таратылғанша (1997 ж.) облыстық газетте жауапты хатшы, бас редактордың орынбасары лауазымдарын абыроймен атқарды. Бұдан кейінгі жылдары Қарағанды облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде Жезқазған аймағы бойынша меншікті тілші, «Мысты өңір» газеті бас редакторының орынбасары болып қызмет істеді.

Балтабек Әбеуов – «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалімен (1976 ж.) Жезқазған облысы журналистері арасында тұңғыш марапатталған қаламгер. Ауыл тақырыбын толғап, өндіріс тақырыбын өндіре жазатын дарынды қаламгердің шығармашылық еңбегі мемлекет тарапынан да, оқырман тарапынан да лайықты бағасын алды. 2001 жылы Жезқазған қаласы әкімінің «Жыл журналисі» сыйлығының иегері атанса, 2003 жылы «Ақ жол» партиясы ұйымдастырған республикалық шығармашылық байқауда жүлдегерлер сапынан көрінді. Әлемдік ахуалға үн қосқан салмақты саяси сараптамалары ормандай оқырманның іздеп жүріп оқытын дүниелеріне айналды. Өріптес ағаның асыл мұрасы артында «Қасиет» атты жинақ (2017 ж.) болып қалды.

Ардақты аға, қарымды қаламгер, ұлағатты ұстаз Балтабек Жаппарұлы Әбеуовтің жарқын бейнесі мен өлмес мұрасы әріптестерінің жүрегінде мәңгі сақталады.

«Saryarqa aqparat» ЖШС әкімшілігі мен облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясының ұжымы марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғыра көңіл айтады.

Бақұл болыңыз, қаламдас аға!

«Saryarqa aqparat» ЖШС «Ortalyq Qazaqstan» газетінің редакциясы



● АЙТАЙЫН ДЕГЕНІМ...

Мерекені тойладық, берекені де ойлайық



Тақауда Қарқаралы ауданының ауыл шаруашылық мамандары Ауыл шаруашылығы қызметкерлері күнін, яғни, төл мерекесін атап өтті. Ауданның әр тарапынан келген мамандар жиналған басқосуда түйткілді мәселелер де қозғалып, ой талқы болды. Біз сол кештен түйгенімізді, күрмеуі күрделі мәселені газет бетіне жариялағанды жөн көрдік.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауында, ауыл шаруашылығын баса назарда ұстап, ерекше көңіл бөлді. Оның ішінде егін және мал шаруашылығына үкімет тарапынан мән беру керектігі айтылған болатын. Осы орайда, Қарқаралы ауданында мал өсірумен шұғылданып отырған, өсіп-өніп жатқан малдың түрлі ауру, кесел індеттен аман болуын қадағалап жүрген ауыл халқының еселі еңбегі туралы Қ.Аманжолов ауылдық округіне қарасты елді мекендерде еңбек етіп жатқан мал мамандары атынан өз ойымызды, пікірімізді ортаға салмақпыз.

Біздің пайымдауымызша, аталған мереке қарсаңында, осы саладағы мамандардың бұлайша бас қосуы бірінші рет және өте танымды да тартымды болып өтті. Алайда, жеткен жетістіктерімен қоса егіз жүретін кемшіліктерді, болып жатқан қиындықтар, игерілмей жатқан істерді ортаға салуды жөн

көрдік. Бірінші, мал шаруашылығы саласында мамандардың жетіспеуі мерзімді емдеу шараларын уақытылы өткізуге келерісін тигізуде. Уақытында егу, дәрілеу, сығалау тағы басқа іс-шаралар ер-азаматтардың маңдай тері мен білек күшін қажет етеді. Осы мақсатта ауыл халқының ішінен тартылған жұмыскер азаматтарға өте мардымсыз жалақы бөлініп отыр. Алайда, атқаратын жұмыстары қауіпті де қиын екені анық. Сондықтан да осы бағытта жұмыс жасап жатқан мал мамандарының және басқа да еңбеккерлердің еңбекақысын көтерсе деген ұсынысымыз бар. Себебі, асау малмен алысу бір қауіп болса, екінші, жұқпалы ауру дейтін қауіп тағы бар. Мысалға, бруцеллез малдан жұғады және жазылмайды. Одан да басқа қауіп жетерлік. Сол себепті, жалақысы өзіне сай болуы тиіс.

Мал басын емдеуге керекті дәрі-дәрмектің жеткілікті түрде, өз уақытында келіп тұруын осы салаға

басшылық жасап отырған мекеме басшылары үнемі назарда ұстаса, легенді де баса айтқымыз келеді. Себебі, вакцина уақытынан кешік-се немесе дәрі сапасыз болса, мұның арты қиындыққа апарып соғады.

Ауыл – қаланың тірегі екені анық. Біз көбіне кісі көп шоғырланған деп қалаларға көңіл бөлеміз де, шалғайдағы ауылдарды назардан тыс қалдырып жатамыз. Қаланың тұтынатын өнімі осы ауылда емес пе?.. Ауылдағы мал өнімінің сапасы артса қалада да саулық болмақ. Сондықтан, облыс басшыларына бір базына айттық. Ауыл шаруашылығы мамандарының еңбегін бағаласа деп.

Еселі еңбек, өрісті игереді, Құтты болсын мереке иегері. Атқарған адалдықпен

еңбегінің, Жемісі халқымызға тиер еді Халық үшін еңбек еткен азаматын

Халқы да елден ерек сүйер еді – деп, ауыл шаруашылық саласында қызмет етіп жүрген жандарды мерекесімен құттықтай отырып, базына мақаламыздың нүктесін қойдық.

Ұлпан МҮБӘРӘКҚЫЗЫ

Қарқаралы ауданы

Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru

43-21-55
Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

Қабырғамыз қайысты

Иә, сұм ажал өз дегенін істеді, бірге қалам тербеген ауылу бауырымыз, досымыз Балтабек Әбеуовті арамыздан алып кетті. Қабырғамыз қайысып, қатарымыздың сиреп отырған жайымыз бар. Қалам тербеуді мектеп қабырғасында оқып жүргенде бастап, газеттерге макалалары мен әңгімелері үзбей шығып тұрды. Аудандық, кейін облыстық газеттерде еңбек етіп, қарымды қаламгер екенін танытты. Жазған макалаларында туған жерге, халыққа деген қамқорлықтың лебі есіп тұрушы еді. Өзінің туған ел мен туған жерге деген ыстық пейілін бәрінен жоғары қоя білді.

Хош, қаламгер бауыр әрі дос Балтабек. Біз сені ұмытпаймыз. Есімің әрқашан жадымызда сақталады.

Қасым ОРЫМБЕТОВ, Абзал БӨКЕН, Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ

Қарағанды облысы әкімінің аппараты жеке және заңды тұлғалардың өтініштерімен жұмыс жөніндегі бөлімінің жетекші маманы Елена Юрьевна Бормотоваға орны толмас ауыр қаза ағасы

Сергей Юрьевич СОБОЛЬКИННИЦ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«Қарағанды индустриялық университеті» КеАҚ ұжымы кәсіподақ комитеті, Химиялық технология және экология кафедрасының профессоры, медицина ғылымдарының докторы Ізтелеу Аманжолұлына ағасы

Глияс АМАНЖОЛОВТЫҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

№802

ХАБАРЛАНДЫРУ (жария талқылау)

«Қазакмыс корпорациясы» ЖШС 2022 жылғы 30 қарашадан бастап «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімімен 1. «Қарағайлы БФ-ның тұрмыстық ағынды суларын бұру үшін күресіндер салу», 2. «Қарағайлы БФ Бас корпусына (түг. №ОС-11-000101024) күрделі жөндеу жүргізу» жобасы бойынша қоғамдық тыңдау жария талқылау түрінде өткізетіндігін хабарлайды.

Ықпал ету аумағы: Қарағанды облысы, Қарағайлы қ.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Қазакмыс корпорациясы» ЖШС

Өкілі: А.А. Усманова, байланыстар: тел. 8(7212) 95-71-35

Әзірлеуші: «Қазакмыс корпорациясы» ЖШС Бас жобалау институты.

Өкілі: А.Б. Сулейменова, байланыстар: 8(777) 672-32-36,

Жоба материалдары esorporal.kz сайтында орналастырылған және ескертулер мен ұсыныстар беру үшін оларды орналастырған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде <https://idr.esorporal.kz> сілтемесі бойынша қолжетімді болады.

Жоспарланған қызмет, жария талқылаудың өткізілуі туралы қосымша ақпаратты, сонымен қатар, жоспарланған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz эл. мекенжайы және 8(777) 672 32 36 тел. нөмірі бойынша сұрағуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ (публичные обсуждения)

ТОО «Корпорация Казахмыс» сообщает, что проводит общественные слушания в формате публичных обсуждений по проектам 1. «Строительство выгребов для отвода бытовых сточных вод Карагайлинской ОФ», 2. «Капитальный ремонт здания Главного корпуса Карагайлинской ОФ (инв. №ОС-11-000101024)» с разделом «Охрана окружающей среды» с 30 ноября 2022 года.

Территория воздействия: Карагайлинская область, п. Карагайлы.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Корпорация Казахмыс». Представитель: Усманова А. А., контакты: тел. 8(7212) 95-71-35.

Разработчик: Головной проектный институт ТОО «Корпорация Казахмыс». Представитель: Сулейменова А.Б., контакты 8(777) 672-32-36.

Материалы проекта размещены на сайте: [esorporal.kz](https://idr.esorporal.kz) и будут доступны с даты их размещения для предоставления замечаний и предложений в течение 5 рабочих дней по ссылке <https://idr.esorporal.kz>.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении публичных обсуждений, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно запросить по эл. адресу Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz и номеру телефона 8(777) 672 32 36.

№274

Қарағанды қаласы Қазыбек би ауданының №2 соты Татьяна Николаевна Афанасьева-ның айтуы бойынша тұратын Қарағанды қаласы, Мұстафин көшесі, 8-90. 20.10.2022 жылы Александр Афанасьевті хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы іс қозғалды, Қарағанды облысының тумасы. Соңғы тұрғылықты жері Қарағанды қаласы, Тәттімбет көшесі, 22-46. Бұл туралы хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай ішінде сотқа хабарлауыңызды сұраймыз.

Судом №2 Қазыбекбийского района г.Караганда по заявлению Афанасьевой Татьяны Николаевны проживающей г.Караганда, ул.Мустафина 8-90. Возбуждено дело от 20.10.2022 о признании безвестно отсутствующим Афанасьева Александра Нафаналовича уроженца Карагандинской области. Последнее место жительства г.Караганда, ул.Таттимбета 22-46 просим сообщить об этом суду в трёх месячный срок со дня опубликования объявления.

№9796



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Төрткіл дүние көз тіккен әлем чемпионаты басталды. Өткен жексенбіде 60 мың жанкүйер сыятын «Эль-Байт» стадионында доп додасының ашылу салтанаты өтті. Шараға Қатар мемлекетінің әмірі Тамим бин Хамад Аль Тани қатысып, құттықтау сөз сөйледі. Быыл чемпионатта 32 құрама бақ сынамақ. Ойындарды «Qazaqstan» мен «Qazsport» арнасы бір ай бойы үзбей көрсетеді. Ресми іс-шарадан кейін Қатар мен Эквадор құрамасы кездесіп, әлем чемпионатындағы алғашқы ойынды бастады.

2010 жылы әлем чемпионатын Қатарда өткізу туралы шешім Швейцарияның Цюрих қаласында қабылданған болатын. Дауыс беру қорытындысы бойынша Қатар – 14, АҚШ – 8 дауыс жинады. «Әлем чемпионаты өтеді» деген күннен бастап Қатар басшылары жаңадан 7 стадион салыпты. Сонымен қатар, қонақ үйлер, метро, әуежай, ауруханалар мен сауда орталықтары бой көтеріп, жолдарды қалыпта келтірген. Осыдан-ақ дайындықтың қандай екенін көруге болады. Тағы бір ерекшелігі – чемпионаттың алғаш рет қыс мезгілінде өтуі. Дегенмен, бұл елде қыс болмайды. Ауа температурасы тым жоғары. Сондықтан, ұйымдастырушылар әр стадионға ауа салқындатқышты іске қосып, температураның 27 градустан жоғары болмауын қадағалап отырмақ.

Салтанатты шара Қатар мемлекетінің тарихы мен мәдениетін бейнелейтін театрландырылған көрініс, түрлі

Әлем күткен аламан басталды



шоумен басталды. Ең әуелі Голливудтың әйгілі актері Морган Фриман «паралимпиадалық спортшы» арасындағы

диалогты сомдады. Осы арқылы бұл доданың күллі әлемге ортақ екенін осы бір көрініс арқылы суреттеп берді. Бұ-

дан бөлек, маскот шеруі де өтті. Шеруде 1966 жылғы әлем чемпионатында өнер көрсеткен спортшылардан бастап, әлем чемпионатына қатысқан барлық белгілі тұлғалар бой көрсетті. Кореяның супержұлдызы Джон Гук пен Қатар жұлдызы Фахад Әл-Кубаиси бірігіп, 2022 жылғы әлем чемпионатына арнайы жазылған Dreamers композициясын шырақалды.

Чемпионат алаң қожайындары үшін сәтсіз басталды. Тұсаукесер матчта А тобындағы Қатар мен Эквадор құрамалары кездесіп, 0:2 есебімен алаң иелерінің жеңілісімен аяқталды. Матчтағы екі голдың авторы эквадорлық шабуылшы – Эннер Валенсия. Ол 16-шы минутта 11 метрлік айып добын салып, әлем чемпионатындағы алғашқы голды тіркеді. 31-ші минутта әріптесі Анхело Пресиадоның берген пасын сәтті қабылдап, қақпаға дәл тоғытты. Осылайша эквадорлықтар алғашқы таймада-ақ мінез көрсетті.

● ФУТБОЛ

Сырт алаңда сүрінді

Қазақстанның футбол құрамасы сырт алаңда Біріккен Араб Әмірліктері құрамасымен жолдастық кездесу өткізді. Өкінішке қарай, кездесу 2:1 есебімен алаң иелерінің пайдасына шешілді.

Бұған дейін отандастарымыз Өзбекстан, Әзірбайжан командасынан жеңіліп қалып еді. Бұл жолы да арабиялықтардан айласын асыра алмады.

Алғашқы минуттан бастап алаң иелері басымдыққа ие болды. Алайда, бағыттаған соққыларын қақпашы Игорь Шацкий қайтарып тастады. 13-ші минутта Халид Аль-Балушидің айып алаңына бағыттаған соққысын Фабио Лима қақпаға дәл көздеді. Есеп – 1:0. Бұл голдан кейін алғашқы таймада есеп ашылмады.

62-ші минутта отандастарымыз сол қапталдан шабуыл жасап, қарсылас қақпасының осал тұсынан доп басты. Тимур Досмағамбетовтің әуелете берген пасын Абат Айымбетов қақпаға бағыттап, есепті теңестірді. Алайда, араға 10 минут салып, алаң иелері жауап қайтарды. Жартылай қорғаушы Фабио Лима қақпадан саңылау тауып, қос голдың авторы атанды. Ал, бұл гол командаластарын жеңіске жеткізді.

Бұдан кейін де қос тараптан шабуыл үдеп, қауіпті сәттер жиі болды. Тартысқа толы бәсекеде отандасымыз, қорғаушы Александр Марочкинге бас төреші «қызыл» қағаз беріп, алаңнан қуды. Дегенмен, командала ойыншы саны кемігенімен, ел құрамасының шабуылы бәсеңдемеді.

● ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА

Болгариядан жеңіспен оралды

Қарағандылық спортшы Данил Мұсабаев бату гимнастикасынан Болгариядан өткен Әлем кубогінде жеңіске жетті.

Бұрын-соңды ел тарихында бату гимнастикасынан Әлем кубогін иеленген жан тіркелмеген екен. Жерлесіміз осы жеңіспен аталмыш спорт түрін алғашқы кубокті иеленген спортшы болып тарихта аты қалды.

Әлем біріншілігі төрт кезеңде өткен. Төрт сайыс қорытындысы бойынша қарсыластарынан басым түсіп, чемпион атаныпты. Бастапқыда төрешілер жерлесіміздің жинаған ұпай санынан жаңылып, кубокті португал спортшысына табыстаған көрінеді. Алайда, қайта есептеуден кейін Данилді жеңімпаз деп танып, Халықаралық гимнастика федерациясының өкілдері кубокті өздері табыстаған.

● ХОККЕЙ

Алаңда көп ойын өткізгендер анықталды

Olimpbet букмекерлік кенесі қарағандылық «Шахтер» командасының сапында ең көп ойын өткізген 5 футболшының тізімін жариялады.

Бұл тізімде 32 жастағы жартылай қорғаушы Роджер Каньяс көш бастап тұр. Ол осы маусымда 25 ойын өткізіп, 2 гол салған. Минутқа шаққанда, 2 119 минутын жасыл алаңда өткізіпті. Өкінішке қарай, дисквалификацияға байланысты соңғы ойындарға қатыса алмаған.

Бұдан кейін, жасыл алаңда 23 кездесу (2 045 минут) өткізіп, 2 гол салған 31 жастағы жартылай қорғаушы, әрі команданың вице-капитаны – Стефан Букорав тұр.

Үздік үштіктің тізімінде қорғаушы – Кошич Джордже. Ол жасыл алаңда 1 900 минутын (21 кездесу) өткізіп, 1 гол салған. IV орында – қақпашы Игорь Шацкий. Жарақатына байланысты 21 кездесуге ғана қатысыпты. Ал, жартылай қорғаушы Роман Мұртазаев – V орында. Ол осы маусымда 1 394 минутын (22 ойын) жасыл алаңда өткізіп, 6 гол және 2 голдық пас берген.

Дайындаған
Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

● ҰЛТТЫҚ СПОРТ

Жанары жалындаған көкпаршылар

Жансая СӘРСЕНБАЙҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарқаралы ауданы Шарықты ауылдық округінің «Теректі» көкпар құрама командасының жетекшісі Нұргелді Ахметжановтың бастауымен 2005-2007 жылғы мектеп оқушылары арасында көкпар өтті. Ұлттық спорт жанашырларының бұл бастамасы ауыл жасөспірімдерін спортқа, оның ішінде ат спортына бейімдеуді мақсат етеді.

Осылайша екі ауыл арасында «40 жылдық» және «Шарықты» командасы жасақталып, балалар жастығына қарамастан өте тартысты ойын көрсетті. Алғашында топты бала көлденең жатқан көк серкені әп дегенде жерден іле алмай ұзақ жүрді. Десек те, жанкүйерлер қиыуы жас палуандардың жігерін жаңығанды. Қос команда да ойынның алғашқы жартысының бітуіне санаулы минуттар қалғанда ширай түсті. Алғашқы төрт салымды «40 жылдық» командасының ойыншысы Секен Ақан салды. Ал, ойынның екінші кезеңінде палуандар тіпті қызы түсті. Оларға көкпар алаңының қарлы мұзы да кедергі болмады. Бағанағы қорқыныш пен жерге еңкеюге қаймығу артта қалды. Әрі-бері шауып, еті қызған аттар да бусанып, буындарына қан енді жүгір-



гендей. Сонымен төреші Қанағат Қуатын белгісімен басталып кеткен ойын әп-сәтте топты тартысқа ұласа жөнелді. «Шарықты» командасының палуандары аянар емес. Команда сапындағы жас ойыншылар арасында ерекше көзге түскен қос ойыншы Серік Аршын мен Сағыныш Қабышев. Екеуі де қос-қос салымнан салып, таразы басын теңестірді. Алайда, бұдан соң қарсылас команда да аянбады. «40 жылдық» командасының ойында тек жеңіс. Ақ қар көк мұздан аттары да тасырмай, палуандар да тайсалмай тартысуда.

Топты тартыстың салыммен аяқталары анық. Сонымен есеп 5:4, «40 жылдық» командасының еншісінде.

20 минутқа созылған ойын ақыры «40 жылдық» командасының пайдасына шешілді. Есеп 8:6. «Шарықты» командасы мүшелерінің жанарында жалын сөнер емес. Тағы бір ойын болса қайта кірісердей кейін бар.

– Бүгінгі ойынды өткізуіміздің мақсаты – ауыл жастарын спортқа баулу. Ұлттық спорт құндылығымыз болғандықтан, құндылыққа құрметпен қарап, өз білгенімізді болашақ ұрпаққа үйрету міндетіміз. Жігіттер, жаралыңдар! Алда үлкен додада бұдан да нәтижелі ойын көрсетеді деген сенімдемін, – деп ризашылығын білдірді ұйымдастырушы Нұргелді Берікұлы.

Қарқаралы ауданы

● ГРЕК-РИМ

Арнайы жүлде – Даниярда

Қазақстан Республикасының Елбек сіңірген жаттықтырушысы Владимир Лепехинді еске алуға арналған VIII республикалық турнирде қарағандылық Данияр Буран арнайы сыйлықтың иегері атанды.

Полиция полковнигі, аты аңызға айналған жаттықтырушының ұлы Виталий Лепеха жыл сайын Қарағандыда әкесін еске алу турнирін өткізеді. Биыл ол өз отбасының атынан 44 келі салмақ дәрежесінде I орын алған Данияр Буранға арнайы жүлде ретінде электрлі самокат сыйлады. Спортшы Ә.Молдағұлова атындағы облыстық олимпиадалық резервтегі мектеп-интернат-колледжінің тәрбиеленушісі.

Турнир қорытындысы бойынша Қарағанды құрамасының спортшылары 5 алтын, 6 күміс, 14 қола медаль жеңіп алды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді Олимпиада ойындарының чемпионы Серік Сәпиев пен облыстық күрес федерациясының вице-президенті Нұрғазы Жарылғапов марапаттады.

Өз тілшімізден

Біздің сайт: www.ortalyq.kz

Таралымы 6 230

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com ortalyk.kaz@mail.ru

Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Құрылтайшысы: облыс әкімінің МЕНШІК ІЕСІ:
«Сауатқа адрат» жауапкершілігі шектелуі серіктестігі
Директор **Қайрат ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары – «Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы **Оксана МЯГКИХ**
Директордың орынбасары **Гүлмира ЖҰМАДІЛДИНОВА**
Бас редактор **Ерсін МҮСАБЕК**
Бас редактордың орынбасары **Назым ДҮТБАЙ**
Интернет-редакция редакторы **Лияс МҰҚАЙ**
Жауапты хатшы **Қасымхан ҒАЛЫМ**

Телефондар:
Бас редактордың қабылдау бөлмесі: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-57-76
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Экономика бөлімі: 43-31-77
Саясат және құқық бөлімі: 43-30-88
Білім, ақпарат және спорт бөлімі: 43-49-72
Әлеумет бөлімі: 43-49-72
Мәдениет, руханият, әдебиет бөлімі: 43-22-92
Интернет редакция бөлімі: 43-31-77

Жарнама, факс: 43-21-55; бухгалтерия: 43-49-74;
Компьютер орталығы: 43-58-08.
Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Сараң, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19
Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

• Редакция 3 компьютерлік беттен асатын көлемдегі қолжазбаларды қарамайды.
• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Суреттер интернеттен, редакция архивінен алынды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген.
• Қолжазба мен фотосуреттер қайтарылмайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № КЗ18ВР00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.



«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСЖВКZKX БИН 000840001412
№130 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ,
Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС
баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор
Жансая СӘРСЕНБАЙҰЛЫ